

ТҮЙТКІЛ

244 ТЕҢГЕ



«Көктен киіз жауса да, кедей ұлтараққа жарымайды» деген сөз бар қазақта. Бұл нақыл дәл қарағандылық Дариға Қазанғаповаға қаратып айтылған сияқты. Себебі 2021 жылы еліміздегі жағдайы төмен отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек беру үшін қазынадан 122,8 миллиард теңге бөлінген. Бірақ мемлекеттің миллиардтарынан 4 баласы бар анаға мардымсыз тиын-тебен бұйырыпты. Бұл отбасы соңғы екі айда 244 теңге атаулы әлеуметтік көмек (АСП) алған. Айға шақсаңыз, 122 теңгеден келеді. Әр баласының бір айлық ішіп-жемі мен киім-кешегіне «бақандай» 30 теңгеден аударылған. «Бір бөлке нан көлмейтін ақшаға 4 баламды бір ай бойы қалай асыраймын» деп жыларман болып отыр отанасы.

Көпбалалы отбасы Қарағанды шетіндегі ескі үйде тұрады. Алпыс жыл бұрын саманнан салынған там құлауға шақ тұр. Бірақ басқа барар жері, басар тауы болмағасын, ескі де болса, осыны паналауға мәжбүр. Жыл басында Дариға Қазанғапова 125 мың теңге атаулы әлеуметтік көмек алғанын айтады. Бірақ жазда бұл ақша кілт тоқтаған. Сөйтсе, атаулы әлеуметтік көмекті тағайындайтын комиссия ауладағы алақандай жерге егілген картопты есептеп, табысқа кенеліп отырған отбасы ретінде қабылдапты.

(Жалғасы 3-бетте)

МАЗАСЫЗ МҮЙІС

«Егер сіз мәселені цифрларға сүйене отырып, таза ғылыми тұрғыдан шешуді ойласаңыз, басыңыздың размерінің тұра жартысын көрсететін цифрды алыңыз да, оны бойыңыздың ұзындығына көбейтіп, сонсоң салмағыңызға бөліңіз... Сонда жер-көктен іздеп таба алмайтын ақиқат ақпарлар сіздің қолыңызда болып шығады!»

(Әзиз Несиннің «Цифрлар сөйлесін» әңгімесінен)

ЖАЗШЫ ОСЫНЫ...

Екі-үш күн болды, телефонға тыным жоқ. Зейнетақы қорындағы артық ақшасын осы күнге дейін алмағандар мұнша көп болар ма. Әй-шәй жоқ, «не боп жатыр өзі» бас салады. Не болушы еді? Өзім де есенгіреп отырмын. Қайта сендерде алатын ақша бар екен, ал менің қордағы жинағым 3 млн теңгеден сәл асады. Жеткіліктілік шегіне (тіл күрмелетін осы сөзді кім ойлап тапты екен) бұл жалғанда жете алмайтыным анық. Сондықтан мені жайыма қалдырыңдар деймін. Жок, бәрібір тыныштық бермейді. Міне, тағы бір танысым қонырау шалып тұр. Тұтқаны көтерсем, ар жағында «Жазшы осыны,

ҮЗІЛГЕН ҮМІТ



жазшы осыны» деп жатыр екен. Танырқап та үлгермедім, «Әкел бері, әкел бері!» деген әйел дауысы шықты. «Кім бұл, кім бұл?» дедім.

— Біз ғой, біз! Мына құрдасың кешеден бері осылай тұтығып қалды. Бір сөзді айта береді, айта береді (тыфу, бұл бәле маған жұқты ма). Не істерімді білмей тұрғаным.

(Жалғасы 3-бетте)

МӘСЕЛЕ

«Ақ жол» партиясының депутаттары Мәжілістің жалпы отырысында үкіметке депутаттық сауал жолдады. Қоғамдағы қордалы мәселенің бірі – азаматтардың банк алдындағы берешек қарызы, ипотекалық несиесі.

Ипотекалық несие алып, түрлі себеппен қарызды дер шағында өтей алмай, берешекке белшеден батқан жандар аз емес. Тіпті таяқ лақтырсаң, банкке берешегі бар жандарға тиетін жағдайға жеттік.

ҚР Парламент Мәжілісінде «Ақ жол» партиясының депутаттарының үкіметке жолдаған сауалында нендей мәселе көтерілді? Осы шаруаға қатысты сауалдарымызды партия депутаты Азамат Әбілдаевқа жолдап, жауабын жазып алдық.



НЕСИЕНІ НЕГЕ КЕШІРМЕСКЕ?

Jas qazaq: Азамат Рахатұлы, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Әлихан Смайыловқа жолдаған депутаттық сауалда бүгінгі күннің қандай шетін мәселесі қозғалды?

Азамат Әбілдаев: Азаматтардың бас ауруына айналған несиелік қарыз елімізде өзекті екені айдан анық. «Күлдіріп келіп, жылатып қайтатын» қарыздың кесір-кесапаты қаншама адамның тағдырын талқандап жатыр. Елімізде адамдардың банктер алдындағы берешегі күн санап артып, қарыз жамалған үстіне жамалуда. Біз үкіметке жекелеген тұтынушылардың несиесіне рақымшылық жасау туралы айтып, сауал жолдалдық.

Өкінішке қарай, біздің қоғамда халықтың 27 пайызы — банктердің алдында борышкер, яғни 19 миллион халықтың 27 пайызының мойнында несиелік қарызы бар деген сөз. Бүгінде ел тұрғындарының ипотекалық несие бойынша берешегі 2,716 трлн теңгеге жетіпті. Оның ішінде тұтынушылық максаттарға алынған несие — 5,19 трлн теңге болса, мерзімі өткен берешек 199 млрд теңгені құрап отыр. Халықтың несие алу көрсеткішінің де, төленбей, мерзімі өткен несие көлемінің де артып бара жатқанын осындай сандар айқындай түседі.

Елімізде заңды тұлғалардың банкроттығы туралы заң бұрыннан жұмыс істеп келеді. Компаниялар өздерінің көлдей берешектерін өтей алмаса, банкрот деп танылады. Ал енді жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң бізде жоқ.

Jas qazaq: Демек, сол заң жобасы уақыт күттірмей қабылдануы керек қой?

Азамат Әбілдаев: Әрине, уақыт оздырмай заң жобасы жазылып, талқыланып қабылдануы керек. Халықты тығырыққа тіреп, ұйығына тартқан осы мәселені «Ақ жол» партиясы депутаттарының жар құлағы жастыққа тимей бұған дейін де көтеріп, айтып келеді. «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» Заңның жобасы керек деп айтып, жазып келе жатқанына он шақты жылдың жүзі болды. Бұл бастаманы сол кездегі қаржы министрлігі құптап, қолдағанымен осы күнге дейін еш қайран болмай келеді. Үкіметтен де қолдау таппай, жартасқа айға салған Абайдың кебін киіп отырмыз. Ал халық қарызға күннен-күнге белшесінен батып барады.

Біз бұл заң жобасын айдан алайық демейміз. Әлемдік тәжірибе бойынша жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң өзінің өміршендігін айқындап, әлеуметтің тұйықталу мәселесін шешуде маңызды рөл атқарып келеді.

(Жалғасы 3-бетте)

ҚАЗАҚЫ РЕАЛИЗМ

ҮЙІНЕ ЖЫЛҚЫ «ТҮСІРДІ»



АҚМОЛА ОБЛЫСЫ



БИРЖАМЕТР



МУНАЙ (brent)

69,72



DOLLAR

438,5



EURO

497



РУБЛЬ

5,88



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ


«Екі ел арасындағы байланыс қаншалықты мығым болса, біздің аймақтағы ахуал да соншалықты тұрақты болады». Елімізге мемлекеттік сапармен келген **Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзияевті салтанатты қарсы алу рәсімінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осылай деді. Кездесу барысында Одақтық қатынастар туралы декларацияға қол қойылды.**

Президенттер сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту, оның ішінде өзара тауар айналымын арттыру, инвестиция тарту және өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, көлік салалары бойынша кооперацияны дамыту мәселелеріне баса мән берді. Су-энергетикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара ықпалдастық мәселесіне тоқталды. Аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесін, оның ішінде Ауғанстандағы жағдайды талқылады. Тараптар «Орталық Азияның орнықты дамуын қамтамасыз ету — барлық бауырлас халықтардың түпкі мүддесіне сай келетін ортақ әрі қолжетімді мақсат» деген пікірге тоқталды.

Қазақстан Президенті бүгінде екі ел мемлекетаралық серіктестіктің жарқын үлгісіне айналған берік әрі үйлесімді

бойынша Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Одақтастық байланыстар туралы декларацияға қол қойды.

Сонымен қатар, ресми делегациялардың мүшелері өзара ынтымақтастыққа негізделген құжаттарға қол қойды.



үлес қосады. «Қазфосфат» компаниясы Ташкент облысында құны шамамен 1 млрд доллар болатын фосфорлы және кешенді тыңайтқыштар шығаратын зауыттың құрылысына қызығушылық білдірді. Қазақстандық «ВI group» ірі құрылыс компаниясы Ташкентте жеке

ДОСТАСТЫҚ ЖЫЛНАМАСЫНЫҢ ЖАҢА ПАРАҒЫ

қарым-қатынас орнатқанын атап өтті. Барлық деңгейде белсенді әрі аса сенімді саяси диалог орнатылған. Қазақстан мен Өзбекстанның аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі көптеген мәселелер бойынша, оның ішінде Ауғанстандағы ахуалды тұрақтандыру мәселесіне қатысты көзқарастары мен ұстанымдары ортақ. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуда теңдессіз ілгерілеу бар. Биылғы 10 айдың қорытындысы бойынша екіжақты сауда айналымы 30 пайызға артып, 3 млрд доллардан асты. Біз жуық арада сауда айналымының көлемін 5 млрд долларға, ал одан кейін 10 млрд долларға дейін жеткізу міндетін қойдық. Бұл қол жеткізуге болатын мақсат. Әрине, атқарушы органдар, ең алдымен, үкіметтеріміз осы мақсатқа жету үшін тиісті жұмыстарды жүргізуге тиіс, — деді.

Мемлекетаралық қатынастардың мәртебесін одақтастық деңгейіне дейін көтеру жөніндегі шешім екі ел басшыларының келіссөздері нәтижесінде қол жеткізген маңызды уағдаластықтардың бірі болды. Осы орайда Қ.Тоқаев: «Бүгін біз мемлекетаралық қатынастардың мәртебесін одақтастық деңгейіне дейін көтеруге уағдаластық. Әрине, одақтастық қатынастар мемлекеттерімізге ерекше міндет жүктейді. Мен мемлекетаралық кеңес құру жөнінде ұсыныс айттым. Осы кеңес аясында біз қажетсіз ресмиліктер тыс, іскерлік негізде жиі бас қоса аламыз», — деді.

Өз кезегінде Шавкат Мирзияев шағын құрамда өткен келіссөздің мазмұнды болғанын атап өтіп, екі ел арасындағы сауда айналымының рекордтық деңгейге жеткенін және бірлескен жобалардың сәтті жүзеге асырылып отырғанын айтты: «Біз көп қырлы ынтымақтастығымыздың өзекті мәселелері бойынша мүдделеріміз бен ұстанымдарымыздың ортақ екенін тағы да дәлелдедік. Біз жиі кездескен сайын өзара қатынастарымыз жақсара түседі. Машина жасау, энергетика, электротехника, химия, жеңіл өнеркәсіп, банктер және басқа да салалардағы кооперация бойынша сәтті шыққан жобаларымыз бар».

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзияев келіссөздер қорытындысы

Шағын және кеңейтілген құрамда өткізілген екіжақты келіссөздердің қорытындысы бойынша екі елдің басшылары бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен брифинг өткізді.

Мемлекет басшысы өз сөзінде Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңындағы Өзбекстан Президентінің мемлекеттік сапарын бауырлас өзбек халқының қазақ халқына деген ерекше құрметі деп бағалайтынын жеткізді. «Екі ел арасындағы мемлекетаралық қатынастарды одақтастық деңгейіне көтеру туралы тарихи шешім қабылданды. Одақтастық қағидаттары Декларацияда көрсетілген. Осылайша көпжақты қазақ-өзбек байланыстары жылнамасының жаңа әрі жарқын парағы ашылды. Мұның Орталық Азия аймағындағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге және өңірді өркендетуге қосылған елеулі үлес екені сөзсіз», — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев келіссөздер барысында сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға баса мән берілгенін жеткізді. Қазақстанның Өзбекстанға тасымалданатын ыңғайлы локомотивтерден бастап жеңіл өнеркәсіп өнімдеріне дейінгі тауарларды көбейтуге мүмкіндігі бар. Мемлекетаралық тауар өткізу жүйесін іске қосу арқылы қуатты инфрақұрылымдық база қалыптастырудың перспективалары талқыланды. Бұл база көтерме-тарату және агрологистикалық орталықтардан тұрады. Олардың Өзбекстандағы құрылысына қазақстандық инвесторлар қаржы салуға дайын. Агроөнеркәсіп кешеніндегі ынтымақтастықтың нығаюы өзара сауда-саттықтың жандануына тын серпін береді. Қос елдің Орталық Азия аймағын азық-түлікпен қамтамасыз етіп қана қоймай, бүкіл еуразиялық кеңістіктегі азық-түлік қауіпсіздігіне кепіл болуға мүмкіндігі бар. Қазақстан ет, көкөніс және жеміс-жидек өнімдерін терең өңдеу жөніндегі жобаларды бірлесе жүзеге асыруға дайын.

Президенттер бірқатар іргелі жобаны іске қосуға уағдаласты. Аталған жобалар мындаған жаңа жұмыс орнын ашуға бағытталған және екі елдің де азаматтарына әлеуметтік қолдау көрсету ісіне қомақты

ықшамауданның құрылысын жүргізуді жоспарлап, 1,2 млрд доллар қаржы салмақ. «Astana-Motors» компаниясы Өзбекстанда «Hyundai» автокөлігін өндіретін кәсіпорын ашуға дайын. Екі мемлекеттің шекарасында Халықаралық өнеркәсіп кооперациясы орталығының тез арада іске қосылуы мультипликативті тұрғыдан тиімділігі зор әрі пайда әкеледі. Орталық Азиядағы ірі сауда-өнеркәсіп хабына айналуы тиіс осы орталық аймақтық көлемдегі сауданы дамытуға ықпал етіп, арадағы көлік-логистикалық мүмкіндіктерді кеңейте түседі. Осы нысанды тез арада салуға кішіметтерге тапсырма берілді.

Өзбекстан Президенті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесіп, өз ілтипатын білдірді. Нұрсұлтан Назарбаев Шавкат Мирзияевті өткен президент сайлауындағы айқын жеңісімен құттықтап, бауырлас Өзбекстан халқының игілігі жолындағы жасампаз қызметіне жаңа табыстар тіледі.

Сондай-ақ екі ел басшылары қол қойған Одақтастық байланыстар туралы декларацияның маңызына тоқталып, Қазақстан мен Өзбекстан қатынастарының жаңа парағы ашылғанын атап өтті.

Өз кезегінде Ш.Мирзияев Қазақстанның барлық жетістіктеріне Тұңғыш Президенттің саликалы саясатының арқасында қол жеткізілгенін айтып, Қазақстан-Өзбекстан стратегиялық ынтымақтастық қатынастарының қалыптасуы мен дамуына қосқан сүбелі үлесіне баса мән берді: «Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Сіз қазіргі қарым-қатынасымыздың негізін қаладыңыз. Елдеріміз арасында әрдайым ашық әрі сенімді байланыс болсын дегініз. Соңғы бес жылда осы бағытта серпіліс бар екенін байқап отырмыз. Сізбен бірге жұмыс істей бастаған кезде Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы сауда айналымы 317 миллион доллар болатын, қазір ол 4,5 миллиард доллардан асады. Бүгін Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевпен алдымызға бұл көрсеткішті үш-төрт жылда 10 миллиард долларға жеткізу туралы маңызды мақсат қойдық».

Талап ТІЛЕГЕН

Әлеумет.т⁰

БАҒА: МЕН НЕ ДЕЙМІН, БАНК НЕ ДЕЙДІ?..

Ринг. Қарсыластың гүрзі соккысына шыдамаған боксшы жансауғалап, арқанды айнала қашып әлек. Анау да қояр емес, үсті-үстіне төмпештеп тықсырып барады. Шықшыттан бір періп, жалпасынан түсірер онтайлы сәтті күтіп жүр. Абырой болғанда, гонг соғылып нокаутқа жеткізбеді. Әркім өз бұрышына кетті. Көкала қойдай таяқ жеген, ерні күптей ісіп кеткен пақырды бапкері құшақ жая қарсы алды. «Жарайсың, бәлемнің көзіне көк шыбын үймелеттін. Женіс деп осыны айт! Енді сенімен жудырықтасуға жүрегі дауалай қоймас» дейді ол жанкүйердің ызалы айқай-кикуымен жарысып. Сонда түкке түсінбей сакалақтаған шәкірті: «Ағатай-ау, егер оны соккының астына алып, шынымен бет қаратпай жөнген болсам, онда үш раунд бойы мені аяусыз сабаған кім?» деп сұрапты.

Ұлттық банктің инфляция төңірегіндегі уәжі шығыс жұртында жиі айтылатын осы әзіл әңгімені еске түсірді. Еске сала кетейік. Дүкен мен базардағы баға шарықтап кеткенде, қара жаяудың қалтасы жұқарып, аста-төк дастарханның ауылы алыстап кеткенде бас банк жар салып еді. Сондағы айтқаны. «Міне, үш апта болды, инфляция өспей тоқтап тұр. Міне, төрт ай болды, инфляция тапжылмай, бір орнында тұр». Біресе әмиянға, біресе сөреге қарап басын қасыған көпшілік әлгі боксшыдай екіұдай күйде. Сенейін десе, қырықаяқ қымбатшылық қаһарын төгіп қысып барады.

Қайта статистика бюросындағылардың ұяты бар екен. Ондағылардың қараша айындағы есебіне қарасан, тұрғындар ең көп тұтынатын азық-түлік түрлері (*нан 0,9%, жас көкөніс — 8,3%, жұмыртқа 2,1%, ұн — 1,5%*) жанар-жағармай (*дизель отыны 14,6%, бензин 2,4%*) да, көмір (3,7%) де, ыстық су (3,7%) да, қысқасы, бәрі қымбаттаған. Тек картоп пен жеміс арзандапты. Бір қызығы, статистика мекемесі өткен айда инфляция деңгейі 0,7 пайызға өскенін хабарлады. Сонда біздің бас банк қандай инфляцияны айтып, «сүйінші» сұрады?

Қараша айындағы жылдық инфляция мөлшеріне қатысты да сауал туындайды. Ұлттық банкке жүгінсек, бұл көрсеткіш 8,7 пайыз төңірегінде. Ал статистика бюросының есебі бойынша — 7,8 пайыз. Мемлекеттік екі мекеменің екі түрлі мәліметіне қарап, тағы да «кімге сенеміз?» дейтін орынды сауал қалды көкейде. Бас банк елдегі инфляцияның өршуіне сыртқы факторлар, ал теңгенің құнсыздануына мұнай бағасы, тіпті ғалымдар әлі түр-түсін танып үлгермеген омикрон да ықпал етті дейді. Мемлекет басшысы қыркүйекте инфляцияға қарсы күресте дәрменсіз қалған Ұлттық банк пен Үкіметті өткір сынға алды. Қит етсе, қымбатшылықтың себебін әлемдік құбылыстардан іздейтінін айтып еді. Инфляция деңгейін 4-6 пайыз аралығына қайтаруды тапсырған болатын.

Ұсыныс азайып, сураныс көбейсе, баға қымбаттайды. Мұны білу үшін қаржы не экономика маманы болудың қажеті жоқ. Жұртқа ең керегі азық-түлік пен киім-кешекті, қарапайым заттарды өзімізде көбірек шығарсақ, шетелдің тауарына тәуелді болмай, инфляция иіріміне түспес едік. Сол кезде тәтті әрі өтірік сөзбен өзімізді жұбатпас едік.



Срайыл СМАЙЫЛ

Кесте

БАҒА



Азық-түлік	2020 желтоқсан	2021 желтоқсан
НАН (1 бөлке)	163	172
ҰН (1 кг)	186	205
СҰЙЫҚ МАЙ (1 л)	767	1100
ҚАНТ (1 кг)	291	370
КҮРІШ (1 кг)	366	405
ЖҰМЫРТҚА (10 дана)	388	520
СІЙІР ЕТІ (1 кг)	2239	3800
ТАУЫҚ ЕТІ (1 кг)	1057	1300
АЙРАН (1 л)	289	325
САРЫ МАЙ (1 кг)	2841	2905

Дереккөзі: stat.gov.kz

Сөз-Жебе

Тоқтар БОЛЫСОВ,
Қазақстан Жастар
конгресінің атқарушы
директоры:



«Өзін-өзі дамытқысы келмейтін жастардың бір тобы бар. Оларға тек ақша керек. Бұл жаман үрдіс. Мұндай жастардың өмірі көремет. Әкесі сатып өперген мәшинесі бар. Үйі бар. Енді өздерін жұмысқа тұрғызатын көкесін күтіп жүр. Осылай жылдар бойы күтеді. Бірақ «көкелердің заманы» өткенін түсінген жөн. Қазір білімді де білікті мамандар қажет».

(Дерек көзі: sputnik.kz)

Аптаның ұсынысы

Динар НӨКЕТАЕВА,
Сенат депутаты:



«Отбасының негізгі қағидалары отбасындағы тәрбие барысында қалыптасатыны анық. Бүгінгі таңда отбасы институтының құлдырауына, құндылықтардың өзгеруіне әлеуметтік желілердің, бұқаралық ақпарат құрадарының, жалпы интернет мазмұнының әсері өте қатты болуда. Осы ресурстарды пайдалана отырып, тиісті аудиторияларды отбасылық және ұлттық құндылықтарға бай мазмұнмен қамтамасыз етуіміз маңызды деп пайымдаймын».

(Басы 1-бетте)

Маңасыз мүіс

Енді таныдым. Ауылдағы Ғалиевтер отбасы. Отағасы мектепте мұғалім, бәйбішесі өмір бойы бала бағудан қолы тимеген адам. Көптен бері таныс-біліс болғасын күн-түн демей қонырау шалатындардың бірі.

— Не істейм, не істейм? — деді мұғалімнің әйелі деғбірсіденіп.

— Перезағрузка жаса?

— I-i-i... түсінбедім?

— Тамаққа шашалғанда желкесінен түйіп-түйіп жібермей ме, сен де солай көк желкеден түйгіштеп жібер. Тамағына сөз тұрып қалған шығар.

Шынымен күйеуінің арқасын жұдырықтады ма, анау мүдірмей сөйлеп кетті. Ойпырмай, кешеден бері ішіне сөз толып қалған ба, тоқтайтын түрі жоқ. Сондықтан жазып алудан басқа амалым қалмады.

МҰҒАЛІМНІҢ МОНОЛОГЫ

Быттыр әлгі жалғыз қыз университет бітіріп еді ғой. Пандемияның кесірінен бір жылы босқа кетті. Жақында ғана жұмысқа тұрды. Ол да менің жолымды қуып, мұғалімдікті оқығанын білесін. Колледжде сабақ береді. Мына құрдасың екеуіміздің жоспарымыз нән еді. Биыл әлгі зейнетақы қорындағы артық ақшаны алуға болады деген заң шыққасын, қанша жиналды екен деп мен де жинағыма үнілдім. Сөйтсем, о керемет, 6 млн теңгеден асыпты! Әне бір жылдары жақсы қызметке қолым жетіп, жоғары жалақы алғанда молынан түскен ғой. Әйтпесе, мұғалімдіктен 30 жылда мұнша жиналмас еді. Айлығымыздың көбейгеніне көп болған жоқ қой. Биыл 55-ке толдым. 55 жастағылардың төменгі шегі 5 060 000 теңге делінген. Пәтер алу үшін қызымның еңбек өтілі кем дегенде алты ай болуы керек екен. Ал мұның жұмысқа тұрғанына үш ай да өткен жоқ. Келесі жылға дейін әлгі 6 миллионның үстіне тағы ақша

қосылып, бастапқы жарнасын төлеуге жетіп қалар деп мәз боп отырғанбыз.

Енді қарашы, кедейге келгенде бәрі қырсық қой. Кешеден бері төменгі шекті өсіргенін естіп есенгіреп отырмыз, есенгіреп отырмыз, есеніреп...

Дүнк, дүнк (*бәйбіше төмпешіп жатыр, білем*)

зейнетақы төлемдерімен алмастыру денгейімен айқындалатынын ескерсек, ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 6 қаңтардағы №1 қаулысымен бекітілген төмен жеткіліктілік мөлшерін айқындау әдістемесі бойынша зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегін айқындау кезінде ең төменгі жалақы мөлшері, сондай-

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫНЫҢ «ЖЕТКІЛІКТІЛІК ШЕГІ»

Жасы	2022 жыл	2021 жыл	өзгеріс	Жасы	2022 жыл	2021 жыл	өзгеріс
20	3 140 000	1 710 000	83,6%	40	5 790 000	3 420 000	69,3%
21	3 250 000	1 780 000	82,6%	41	5 950 000	3 520 000	69%
22	3 370 000	1 860 000	81,2%	42	6 100 000	3 620 000	68,5%
23	3 490 000	1 930 000	80,8%	43	6 260 000	3 720 000	68,3%
24	3 610 000	2 010 000	79,6%	44	6 420 000	3 820 000	68%
25	3 730 000	2 090 000	78,5%	45	6 580 000	3 930 000	67,4%
26	3 860 000	2 170 000	77,9%	46	6 750 000	4 030 000	67,5%
27	3 980 000	2 250 000	76,9%	47	6 920 000	4 140 000	67,1%
28	4 110 000	2 330 000	76,4%	48	7 090 000	4 250 000	66,8%
29	4 240 000	2 420 000	75,2%	49	7 260 000	4 360 000	66,5%
30	4 370 000	2 500 000	74,8%	50	7 430 000	4 470 000	66,2%
31	4 510 000	2 590 000	74,1%	51	7 610 000	4 590 000	65,8%
32	4 640 000	2 670 000	73,8%	52	7 790 000	4 700 000	65,7%
33	4 780 000	2 760 000	73,2%	53	7 970 000	4 820 000	65,4%
34	4 920 000	2 850 000	72,6%	54	8 150 000	4 940 000	65%
35	5 060 000	2 940 000	72,1%	55	8 340 000	5 060 000	64,8%
36	5 200 000	3 030 000	71,6%	56	8 530 000	5 180 000	64,7%
37	5 350 000	3 130 000	70,9%	57	8 720 000	5 300 000	64,5%
38	5 490 000	3 220 000	70,5%	58	8 920 000	5 430 000	64,3%
39	5 640 000	3 320 000	69,9%	59-62	9 120 000	5 560 000	64%

ҮЗІЛГЕН ҮМІТ

РАЙЫНАН ҚАЙТА МА?

Бұл қалай болғаны? 55 жасқа қандай шек қойылғанын көрген шығарсың. Бұрынғы 5 060 000 теңгенің орнына 8 340 000 теңге депті. Әрі ол жыл сайын өсіп отырады екен. Құлды жеткізбейтін сағым болайын деп тұр... Ақпарат құралдары «20 жастағылар 3 140 000 теңгені қайдан жинасын» деп жарыса жазып жатыр. Әй, ол бокмұрынның бүкіл өмірі алда емес пе? Менің қазіргі жасыма жеткенше 35 жылы бар. Ол жинап үлгереді, ал мен сияқтылар ше? Зейнетке шығуыма 8 жыл қалды. 8 жылда мына цифрға жетем бе? Ғайыптан ғайып бір үлкен қызметке ілікпесем (*әй, қайдам*). Соны ойлаған жан баласы бар ма? Кім шығарды бұл шешімді? Еңбек министрлігі өзіңше есеп-қисап жасап, әне бір әдістемесін тықпалап қоймайды. Тыңдашы, міне, әнеуекүні министрліктің баспасөз қызметі мынадай хабарлама таратты:

«Зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің тиімділігі еңбек кірісі болмаған кезеңдегі салымды

ақ ең төменгі зейнетақы, ең төменгі күнкөріс деңгейі сияқты көрсеткіштер пайдаланылады және «Республикалық бюджет туралы» Заң бойынша жыл сайын индекстеледі».

Мына жазбаны біз секілді жұмыр басты пенде түгілі, шайтан түсіне ме?

Айтпақшы, еңбек министрлігінің өзі де әбден шатасты. Оқидың ба ол туралы? 7 желтоқсанда қолданыстағы заңға да, зейнетақы жинағының ең төменгі шегімен байланысты нормативтік актілерге де ешқандай өзгеріс енгізбегені, барлық есеп-қисап БЖЗҚ тарапынан жүргізілгені туралы ақпарат жариялады. Ертеңіне сол сөзінен тайқып шықты. Әлгі жазбаны таратқан министрлікте отырған бір жүгермек-мыс. Итім сене ме?

Жыл соңына дейін бір айға да жетпейтін уақыт қалды. «Үмітсіз — шайтан» деп мында біреулер жүгіріп жүр. Алып қалудың амалы да. Мына құрдасың «біз де өтініш беріп көрейік» деп қылқылдап қояр емес. Сөз түсінбейді. Өтініш берген күннің өзінде оны мақұлдай ма? Қыздың еңбек өтілі де, жалақысы да жарап тұрса бір сәрі.

Біреулер наразылық ретінде петицияға қол жинап жатыр екен. Одан не пайда? Байқаймын, бұлар айтқанынан қайтпайтын сияқты. Ең төменгі жалақының өскенін айтып, бәрі дұрыс, заңға сай дегеннен танар емес. Рахым Ошақбаев деген экономист министрліктің әдістемесінен қате тапқан көрінеді. Бірақ аналарда үн жоқ...

Сонда мен секілді пақырлар не істейді?

Қалай ойлайсың, райынан қайта ма аналар, қайта ма, қайта ма...».

Шынымды айтсам, білмеймін, білмеймін...

Гүлнар АХМЕТОВА

Q БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА:

Мемлекет басшысы Үкіметке зейнетақыны пайдалану бойынша шекті жежені 2022 жылдың 1 сәуіріне дейін көтермеуді тапсырды.

Ал шенеуніктер ауладағы картоптың көлемі әлеуметтік көмекке аса ықпал етпейді деп ақталды. Отбасының 122 теңге көмек алуына жәрдемақы мен отбасының жалақысы есептеліп тұр екен. «Сондықтан осындай сома шығып тұр екен», — дейді Қарағанды қаласы әлеуметтік жәрдемақы тағайындау бөлімінің басшысы Людмила Харитонович:

«Бұл отбасы 122 теңгеден бөлек, балаларына азық-түлік жиынтығын алады. Оның ішінде сүт, дәнді дақылдар және балалар тағамы бар. Сонымен қатар отбасындағы екі бала мектепте тегін ас ішіп жүр. Мемлекет кепіл берген көмектің барлығын алып жатыр. Бір сөзбен айтқанда, бұл отбасының асып-

тасып өмір сүруіне ай сайын 122 теңге артығымен жетеді», — дейді шенеуніктер. Сондықтан ортақ жүйе есептеп берген соманы еш өзгерте алмаймыз деп отыр.

Ал қабырғасы қақырап, төбесінен су сорғалаған апатты баспанада алты жан қысты қалай өткереміз деп алаңдауда. Өйткені үйді жылытатын көмір де жоқ. Өңірде қатты отынның тоннасы 18-20 мың теңгеден сатылып жатыр. Оған отағасының айлығы жетпейді. «Атаулы әлеуметтік көмек деп берілген 122 теңгеге бір құшақ ағаш та келмейді!» дейді кейіген ана. Әр баланың өз несібесі бар деген отбасының бар арманы баспаналы болу. Бірақ бұл арманның бүгін-ертең орындалатын түрі жоқ. Өйткені көпбалалы отбасы пәтер кезегінде 1680-ші болып тұр екен.

Диас НҰРАҚЫН

(Басы 1-бетте)

Мәселе

НЕСИЕНІ НЕГЕ КЕШІРМЕСКЕ?

Біздің қоғамымызға да аталмыш заң жобасын енгізу өзекті екенін күнделікті өмірде болып жатқан түрлі оқиғалар әйгілеп отыр.

Jas qazaq: Несие алу үшін банкке жылжымайтын мүлкін кепілге қойып, кейін қарызды өтей алмай бастанасынан айырылғандардың арасында өз өмірін киюшылар да бар. Әлгі сіз айтқан жеке тұлғаларға да банкроттық жариялап, несиесіне рақымшылық жасау арқылы біз осы түйткілді шеше аламыз ғой?

Азамат Әбілдаев: Адам ең қымбат байлығы, екінші берілмейтін сыйын, қайталанбайтын уақыты — өмірін көбіне еріккеннен қияды деп ойламаймын. Статистикалық мәліметке сүйенсек, тәуелсіздік алған 30 жылдың ішінде еліміздің өркендеуіне өз үлесімзді қосамыз деп, жалғыз пәтерін кепілдікке қойып, несие алып, өз істерін бастаған азаматтардың қазіргі таңда 90 пайызы несиеді қайтара алмай банкрот болды. Бұл жағдай, әсіресе, валютамен несие алғандардың арасында көп кездеседі.

Өйткені 28 жылда өзіміздің ұлттық валютамыз ондаған есе арзандап, банктердің тілімен айтқанда, жүздеген пайызға құнсызданды. Бұған қандай кәсіпкер төтеп бере алады!? Бір, екі емес, он есе құнсыздану деген онай ма?



Банктер кепілдікке қойылған мүлікті өздерінің қолайына жағатын бағаларына сатып, үстеме ақшаны борышкердің мойнына бірнеше жылға созып іліп қояды. Екінші деңгейлі банктер Ұлттық Банктің алдында провизия төлемес үшін, бұл қарыздарды өндіру ісін өздерінің банктік жүйесінен шығарып, коллекторлық компанияларға төмен бағамен сатады да, түк болмағандай жұмысын жалғастыра береді.

Банктер мен микрокредиттік ұйымдар халыққа несие беріп, көмек қолын созады, оны жоққа шығара алмаймыз. Ал сол ақшаны кері қайтартып төлеттіруге келгенде ештенеге қарамайды. Бұл тұста банктер ел алдында өз беделін сақтап, сүттен ақ, судан таза болуды көздеп сытылып шығып кетеді. Мәселені май шаммен қарауға құмар коллекторлық компания өкілдері болса, несиеcін төлей алмай мелдектеген жандардың ақырғы тиынына дейін қаттап-шоттап өндіруге әбден мақыштанып алған.

Федор Андреевич Щербин өзінің «Киргизская народность в местах крестьянских поселений» атты жазбасында қазақтар туралы «мұндай бауырмал халық әлемде некен-саяқ кездеседі» деп, жазған екен. Біздің ата-бабаларымыздың әдебі мен ибасына тәнті болып. Сол бауырмалдылық қазір бізде бар ма өзі?

Jas qazaq: Өте орынды мәселені қозғадыңыз. Коллекторлық компания өкілдері мен жеке сот орындаушылардың қысымынан кейін түрлі келенсіз жайт, тіпті адам өліміне де әкеліп соғу фактілері де неліктен жиіледі деп ойлайсыз?

Азамат Әбілдаев: Сол коллекторлық компания қызметкерлерінің, жеке сот орындаушылардың күш қолданып, қысым жасау әрекетінен де адамдардың тағдыры талқан болады деп ойлаймын. Қазіргі таңда олар адам баласына жанашырлық танытуға ұмтылмайды, керісінше, керуенің жолын торыған қарақшыдан да сорақы болып, қатыгездік танытудан тайынбайды. Қарақшының өзі тонаған адамының соңғы затын олжаға алмаған. Ал қазіргі коллекторлар болса, несиелік қарызды төлету үшін түрлі қитұрқы әрекетке барып, тіпті әлеуметтік көмек пен зейнетақыға да қол сұғып отыр. Осы қаншалықты әділетті енді? Әлеуметтік көмек кімдерге беріледі? Отбасылық жағдайы төмен, ішкер асы мен киер киіміне тапқан-таянғаны жетпейтін жандарға беріледі. Ал сондай азын-аулақ әлеуметтік көмек ақшасына қол салу деген де қатыгездік қой!

Қарызға батып немесе аяқ астынан еңбекке жарамсыз болып қалуының, не қандай да бір оқыс оқиғаның салдарынан қаржылық қиындыққа тірелген азаматтарды дәл қазіргі кезде жұмыс жасап жатқан жүйе негізінде сот орындаушылары іздеу салып мазалауда. Онысыз да құзілетісе жүрген адамды қыспаққа алып қоғамның қысымына шыдай алмайтын жағдайға жеткізеді. Сондай қиындықтан кейін ол азамат қалай өмір сүрмек? Осындай шарасыздық, жан-жақтан жасалған түрлі қысым, қиындықтан шығар жол таппаған адам үшін өз-өзіне қол жұмсап, қазаға ұшырайтыны да шындық.

Jas qazaq: Қандай санаттағы, болмаса қандай да бір әлеуметтік топқа жататын адамдардың несиеcі кешірілуі керек деп санайсыз?

Азамат Әбілдаев: Кеше ғана Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында әзірленген «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бізде қолдау тапты.

Бұл заң жобасы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты қылмысты атқару мекемелеріндегі және пробация қызметінің есебінде тұратын адамдарды жазалаудан және қылмыстық жауаптылықтан босатуға, санын азайтуға, жазаның өтелмеген бөлігін қысқартуға бағытталған заңға қол қойылды. Енді мыңдаған қылмыскер жаза мерзімінен бұрын бостандыққа шығады. Кейбірінің жаза мерзімі қысқарады, сотқа дейінгі қаншама іс қысқарады осы рақымшылық туралы заңның аясында.

Ал енді қылмыс жасап сотталғандарға рақымшылық жасап отырған мемлекетке аяқ астынан еңбекке жарамсыз болып қалуынан, қандай да бір оқыс оқиғаға ұшырауының салдарынан қаржылық қиындыққа тіреліп несиеcін өтей алмай, қарызы көбейген азаматтарымызға неге қамқорлық көрсете алмаймыз!? Олар да біздің қоғамымыздың басты байлығы емес пе?

Түрлі қылмыс жасағандардың жазасына рақымшылық жасап, айыбын кешкенде, белгілі себеппен қарызын өтей алмаған жандарға қарайласа алмасак, елдігімізге сын.

199 млрд теңге — бұл мемлекет үшін көп қаражат болып саналмайды. Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң қабылдамадық екен тым болмаса, олардың несиелік қарызына рақымшылық жасауды жүзеге асыру керек.

Ел болып осындай жүйелі проблеманы, соған сай жүйелі жолмен шешпесек, яғни аталмыш Занды қабылдмасак, қиын жағдайға ұшырағандар тарапынан мұндай несиелі амнистия туралы талаптар жыл сайын көтеріліп, арызданушылардың қатары көбейе береді.

Jas qazaq: «Ақ жол» партиясы депутаттарының атынан жолдаған депутаттық сауалда қандай да бір ұсыныс айтылды ма?

Азамат Әбілдаев: Үкімет басшысының бірінші орынбасарына жолдаған депутаттық сауалда біз мынадай ұсынысымызды жіпке тізгендей етіп атап көрсеттік.

Парламенттің қарауына «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» Заңның жобасын тездетіп дайындап, енгізуді;

Белгілі бір себеппен еңбекке жарамсыз болып қалуынан не қандай да бір оқыс оқиғаға ұшырауының салдарынан қаржылық қиындыққа тап болған азаматтарымызға Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты рақымшылық жасауды;

«Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» жаңа заң қабылданғанша, коллекторлық компанияларды, яғни «зандастырылған рэкеттік компаниялардың» жұмысын тізгіндеп, бақылауда ұстауды талап еттік. Мұның бәрі де халқымыздың қарызбен өмір сүрмеуіне, көңіліне кірбін түспеуіне қылаудай болса да пайдамызды тигізсек деген максаттан туындап отыр.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет, елдің игілігіне жарайтын ұсыныстарыңыз іске асуына біз де тілектеспіз.

Сұхбатты жазып алған Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ

Түйткіл

244 ТЕҢГЕ



«Екі айға 244 теңге атаулы әлеуметтік көмек түсті. Әр балаға екі айға 60 теңгеге жөргегі мен нанын алып беруім керек екен. Бір айда әрқайсысына 30 теңгеге нан да ала алмаймын ғой. Қазіргі нан бағасын білесіздер. Сол 122 теңгеге күніміз қарап қалған деп ойлады ма? Ол жағын енді айта алмаймын, бұл маған салсаңыз, мазак ретінде болып тұр», — деп күйінеді Дариға Қазанғапова.

деп берілген 122 теңгеге бір құшақ ағаш та келмейді!» дейді кейіген ана. Әр баланың өз несібесі бар деген отбасының бар арманы баспаналы болу. Бірақ бұл арманның бүгін-ертең орындалатын түрі жоқ. Өйткені көпбалалы отбасы пәтер кезегінде 1680-ші болып тұр екен.



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Сұхбат


Ғылым мен ғылыми жарияланымдар санға емес, сапаға арқа сүйеуі тиіс. Серіктестер арасында шынайы сенім орнаған кезде оң нәтижеге қол жеткізуге болады. Кембридж университетінің профессоры, Coherent Digital компаниясының төрағасы Джон Т. Грин (*John T. Green*) мырза газетіміздің оқырмандарына ғылыми әдебиет пен бизнес жүргізудегі ең озық әдіс-тәсілдері туралы баяндады.

— Грин мырза, Сіз зерттеуші және ғылыми мекемелердің жетекшісі ретінде көптеген саясаткерлерге кеңес бердіңіз. Зерттеу саласындағы даму процестерін бақыладыңыз. Ғалымдарды зерттеу жүргізуге не нәрсе ынталандырады?

— Біріншіден, нағыз ғалым білім өрісін барынша ұлғайтып, адамзатқа пайдасын тигізетін құнды жаңалықтарды ашуға ұмтылады. Көкжиекті бұлайша кеңейтудің дүниеге тигізетін әсерін бақылау ғалымға рахат сыйлайды. Бұл денсаулық саласы, экономика, әлеуметтік не басқа ғылым арқылы жүзеге аса ма, ол жағы маңызды емес. Мойындау, міне, осы қозғаушы күштің маңызды элементі деп ойлаймын. Екіншіден, университеттер мен үкіметтер ғалымдарды құлшындыру үшін қаржы бөліп, қолдау жасап отырғаны абзал. Бұл зерттеу жүргізуге қажетті ресурс, уақыт және құрылымдарды бөлу керек дегенді білдіреді. Көп елде, тек Таяу және Орта Шығыс, не болмаса Азия-Тынық мұхит аумағында ғана емес, әлбетте, Батыста да біз ғалымдардан тым көп нәрсені талап етеміз. Олардың ұстаздық еткенін қалаймыз. Шаруаның әкімшілік қырымен айналысатын деп күтеміз. Зерттеу жүргізу үшін ақшалай грант алуға талпынсын дейміз. Университет пен үкімет атаулы ғалымдарды осындай қосымша жүктемеден босатса, олар тек ғылыми жұмыспен айналысу мүмкіндігіне ие болар еді. Мен көп елді араладым, ондағы ғалымдармен пікірлестім. Олар шын мәнінде зерттеу жұмыстарына аз уақыт

әріне, жақсы. Сонымен бірге зерттеу процесінің түзілуіне, оның орындалуына үлес қосатын өзге де элементтер маңызды.

Бүгінгі күні ғылыми қызмет үлкен операция іспетті. Бүгін сіз осыдан көп жыл бұрынғыдай өз зертхананызда жалғыз өзіңіз, аяқ астынан пенициллин аша алмайсыз. Мұндай жағдай ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында «хайп» болатын. Ал қазір олай бола қоймайды. Себебі біз орасан зор ғылым әлемінде өмір сүріп жатырмыз. Физикада ірі тәжірибе жасау құрал-жабдықтан басқа да көп нәрсені керек етеді. Оған қыруар қаржы қажет. Фармация мен медицина-биологиялық салада да осылай. Сондықтан бірлескен іс-қимыл (*коллорабация*) — жетістікке жетудің бірден-бір жолы. Сізден талап етілетіні — үлкен ғылыми журналдардағы тамаша мақалаларды оқу. Кейде мұндай мақала



Профессор Джон Т.ГРИН:

ҒАЛЫМДАР АШҚАН ЖАҢАЛЫҒЫНЫҢ КЕРЕМЕТ ЕКЕНІН ДӘЛЕЛДЕУІ КЕРЕК

жұмсауға мәжбүр екендіктеріне қынжылады. Менің ойымша, үкіметтер мен университеттер міндеті — адамның өз қарым-қабілетін барынша пайдалануына қолайлы жағдай туғызу. Мұны іске асырудың тәсілі жеткілікті. Жай ғана мысал келтірейін. Кей ғалымнан жақсы зерттеуші шықпайды. Жарайды, онда одан зерттеуге қатысуды талап етпеніз. Оның орнына сабақ берсін. Керісінше, зерттеу жүргізуге қабілетті мамандар жоғары курс студенттерін емес, докторанттар мен аспиранттарды «сүйреуге» қарсы бола қоймас. Менінше, осы процесті жолға қоюдың әдістері көп.

— Зерттеуші ғалымдардың жетістігіне қандай критерий қойылады?

— Зерттеу нәтижесі рәсімделіп, күнделікті тұрмыста көлеге асқанға дейін біраз уақыт өтеді. Кезінде небір ұлы жаңалықтың, күндердің күнінде мойындалғанға дейін, іске аспай жатып қалғанына мысал келтіре аламыз. Демек ғылыми зерттеуді мойындау мен оның нәтижесі өнеркәсіпте қолданған кезде түскен қаржы көлеміне негізделмеуі тиіс. Өйткені оған біраз уақыт кетеді. Мұндай көзқарас сіздің бүгінгі ғылыми қызметіңіздің нағыз өлшемі бола алмайды. Әйтсе де, зерттеу сапасын бағалаудың басқа тәсілі бар, реер-review арқылы. Бұл — басқа ғалым әріптестердің (*қатарластардың*) бағасы. Сырт көз — сыншы. Еңбектері басқа мамандардың бағалауынан өткен, өзінің зерттеу нәтижесін беделді ғылыми басылымдарда жариялайтын ғалымдар ашқан жаңалығының шынында да керемет екенін дәлелдеуі керек.

Nature, Science, Lancet сияқты журналдарда немесе өзге де осындай басылымдарда мақала жариялату өте қиын екені әмбеге аян. Беделді басылымда жарияланым саны көп болғаны,

авторларының саны 10, 50, тіпті 100 адамға жетеді. Хиггс Бозоны туралы жаңалық ашылғанда жарық көрген атакты мақаланы оқып көріңіз. Үкіметтер мен университеттер осындай коллаборацияны ілгерілетуі тиіс.

— Сіз Imperial College of London-ды QS/THE рейтингінде 26-шы орыннан 5-ші орынға көтердіңіз. Мұндай трансформацияның құпиясы неде? Осы мекемеге жетекшілік еткенде, ғылыми әкімшіі ретінде, оның жемісті түрде жоғары өрлеуіне ғалымдарды қалай ынталандырдыңыз?

— Бүкіл әлемде, бұл Ұлыбритания, сондай-ақ АҚШ-қа да қатысты, университеттер өте баяу өзгереді. Олар өзгерісті жек көреді. Өзгерісті олар қиын және тым күрделі деп санайды. Университеттерде болып жатқанның бәрі органикалық, яғни заңды құбылыс. Мен мұны осылай деп атаймын. Мұндай «органиканың» нәтижесінде, кез келген университетке қарасак, физика, органикалық немесе органикалық емес химия кафедрасы бар, яғни 10-20-40 жыл бұрынғы сол баяғы штат құрылымы сақталған. Осы уақыт ішінде әлеуметтік ғылым, жалпы бүкіл ғылым тұтастай өзгерді. Бүгінгі күні сен мәліметтерді түсінбесен, әлеуметтанушы ғалым бола алмайсың. Статистиканы ұқпасаң, эпидемиологтармен бірлесіп жұмыс істемесен, дәрі-дәрмек жасай алмайсың. Бұл салада жаңалық аша алмайсың.

Ғылым бүгінде сааларалық (*интер-салалық*) сипатта. Университеттердің ескірген ұйымдастыру-штаттық құрылымдары бүгінгі күні өзекті емес. Өйткені онда өзінің цехтық тар шеңберінде қатып қалған ғалымдар отыр. Олар тұмсығының астындағыны ғана көреді, коллаборацияға қадам басқысы келмейді.

Сыртқы күштермен бірлесу керек. Өзінің зерттеу саласында да, сондай-ақ басқа салалармен тізбектесіп те. Осыны бір университет аясында қалай іске асыруға болады? Университет атаулы өте баяу өзгертіндіктен, «Былай жасап көрсек қайтеді?» деген кез келген тың ұсынысқа олар «Жоқ, біз олай жасай алмаймыз, себебі...» деп өре түрегеледі. Оған сан қилы сылтау да табыла кетеді. Өз дегеніне жетудің бір ғана тәсілі — жанды жерге пышақ ұру, мен мұны осылай деп атаймын. Сіз оларды қайта құрылуға мәжбүрлеуіңіз керек. Imperial College of London-ға біз осындай тәсіл қолданғанда драма орын алды десек те болады. Қысқасы, біз қолданыстағы құрылымды алып тастап, оның платформасында жанасын тұрғыздық.

Мынадай мысал келтірейін. Біздің бастамалардың бірі биология-медицина мамандарын физик ғалымдармен жұмыс істеуге мәжбүрлеу болды. Бастапқыда олар бұған қарсылық танытты. Бір хирург менен: «Хирургиялық инжиниринг институтының мәні неде?» — деп сұрады. Кейін әлгі хирург инженер-механикпен әңгімелескеннен кейін, тізенің жасанды буынын жетілдіре алатынына көз жеткізді. Дәрігер-неонатологтар, яғни жаңа туған сәбиді күту бойынша мамандар компьютерші ғалымдармен бірлесіп жұмыс істегенде

ультрадыбыс диагностикасы аппаратындағы бейнелерді жақсартуға қол жеткізді. Жақсырақ көресің — мүмкіндігің молырақ — тереңірек түсінесің. Осылайша, кенеттен акушер-гинекологтар компьютершілермен бірігіп жұмыс істей бастады.

— Біз Қазақстанда қайсыбір ғалымдардың қарсылығын көріп отырмыз. Олардың кейбірі ғылымда қозбаушылыққа барады немесе өз мақаласын жариялау үшін дүмше-ғылыми, «ұрлықшы» журналдарға жүгінеді. Мұндай әрекет өздерінің де, елдің де атына нұқсан келтіреді. Осы тұрғыдан алғанда, саясаткерлер қандай мәселеге мән беріп, қандай жәйттерді ескеруі тиіс?

— Ғалымдарға «... Сен (*мақала*) жариялауың керек...» деп қайта-қайта айта берсең, олар

(*мақаласын*) шығарады! Тек жариялау үшін біз «комикс» деп атайтын ұрлықшы журналдарға барады. Өйткені олар өзінің еңбегін осы жарияланымдар арқылы ғана бағалайды деп ойлайды. Көптеген елдер, соның ішінде, бәлкім, Қазақстан да елдің ғылыми жетістігін жариялаған дүниенің сапасы емес, санымен өлшейтін кезеңді бастан кешірді.

Сондықтан үкіметтер ғалымдарды сапалы зерттеуге бағыттап, марапаттауы тиіс. Сабақ беру дегенді алып тастандар. Біз колледжімізде көптеген оқытушылар мен ғалымдарымызды орынан қозғалттық. Кейбіреулеріне былай деп айттық: «Бауырым, сен тамаша оқытушысың немесе зерттеушісің. Бірақ бұл басқалардан артықсын немесе кемсін деген сөз емес. Тек дәл қазір мына шаруамен айналысқаның жөн...». Үкіметтер осындай онтайлы жолмен өз университеттеріне көмек бере алады деп ойлаймын.


— Ескіден осы жаңа үлгіге (*модель*) трансформациялық өтуде индустриалдық серіктестердің, атап айтқанда, Elsevier компаниясының рөлі қандай?

— Біріншіден, индустриямен ынтымақтастық — аса маңызды фактор. Бұған мысал ретінде өндіруші елге қарамастан, соңғы вакциналардың қалай жасалғанын айтуға болады. Рас, университеттер өз үлесін қосты. Бірақ вакцинаны инемен шынтақтың жоғары

түсына салуды қамтамасыз еткен сол индустрия ғой! Сондықтан бұл өте күрделі мәселе. Егер бір күні сіз өзіңізге «Маған шұғыл түрде индустрия қажет...» десеніз, ол ешқандай қисынға келмес еді. Бұлай күйеуге шықпайды. Солай емес пе? Сіз бір кісімен араласа бастайсыз. Бұдан ештеңе шықпауы мүмкін немесе сіз тұрмыс құрасыз. Қалай болғанда да, өмірлік серігіңізді таңдауға жіті мән бересіз, өзара шынайы сенім орнатасыз. Ал бұған қалай қол жеткізуге болады? Бір тәсіл тек біздің колледжде ғана емес, өзге мекемелерде (*бұл дәлелденген*) де барынша тиімді екенін көрсетті. Бизнес-мектеп университеттердің индустриямен байланыс орнатуына көмектеседі. Ол (*бизнес-мектеп*) студенттердің университеттер мен индустрияның арасын бөліп тұрған шекараны ашуға мүмкіндік беретін мәдениетті қалыптастыруға септігін тигізеді. Көптеген жоғары курс студенттері түрлі индустриялармен бірге ортақ жобалар бойынша жұмыс істеді. Олар қаржы компанияларымен, есепшілермен немесе тағы біреулермен бірлескен жобаларды іске асырды. Сөйтіп осынау аса маңызды қарым-қатынас, симбиоз бойынша жетірібе жинады. Менің ойымша, мұның бәрі қажет.

Elsevier шын мәнінде орасан зор компания. Ақылды құрал-жабдықтарға ие. Дерек қоры да бай. Олар менімен, яғни университетпен жұмыс істегісі келеді. Мен одан неге бас тартуым керек? Маған олардың кейбір жабдығы қажет. Сондықтан олармен ашық түрде байланыс орнатамын. Маған олардың, оларға менің ақшам қажет болғандықтан емес. Айталық, екеуіміз бір жерде кешкі ас ішуді ұйғардық. Егер мен «Кім төлейді, сіз бе, өзім бе? Әлде бөліп төлейміз бе, өтемақы үшін есеп кімге жіберіледі?» деп уайымдайтын болсам, онда мұндай қарым-қатынастан түк шықпайды. Нағыз қарым-қатынас дегеніміз — серіктестердің шынайы байланыс орнатып, бір-біріне нық сене бастауы, ойын алаңында бір-бірінің мықты мүмкіндіктерін пайдалана білуі.

Мен Imperial College of London-да Elsevier-мен байланыс орнаттым. Өйткені мен олардан өз университетім туралы көп нәрсе (*өзім білмегенді*) естідім. Мотивация біздің екі тарапқа да қатысты болды деп есептеймін. Бір-бірімізден үйреніп, бір-біріміздің бизнесімізге көмектесуге ниеттендік. Олардан қандай сомаға сатып алғанымыз да, олардың мен арқылы қанша доллар тапқанын да нақты айта алмаймын. Бірақ біздің арамызда жақын қарым-қатынас, түсіністік орнады. Бір-біріміздің бизнесіміздің қыр-сырын игердік. Бұл Elsevier емес, басқа бір кез келген баспа үйі болуы да мүмкін еді. Әйтсе де, кәсібі өзіме жақын мекемемен неге байланыс орнатпасқа? Өз басым «Өй, кейбір компаниялармен сөйлесе алмаймыз, олар біздің климатты құртып жатқан жаман адамдар» деп өзеурейтін кейбір ғалымдардың ұстанымын солқылдақ деп санаймын. Үлкен компания болғанымен, оларда климаттың өзгеруі түйтікілін шешуге септесетін технологиясы жоқ деген сөз емес қой.



Сайып келгенде, дәл солардың өзі климат мәселесін шеше

алатын білім мен машықтың бірден-бір қайнар көзі емес пе? Осындай түсіністік Elsevier-ге де қатысты. Оларда менің бизнесім туралы орасан мәлімет жинақталған. Бәлкім, олар осы білгенін біз үшін қолайлы болатын түрде пайдаланбайтын да шығар. Бірақ олардың білімі біздің, университеттердің, ғылыми нәтижеге жетудегі жұмысымызды жақсартуға көмектесуі мүмкін. Сондықтан менің ұстанымым — ашық түрде жұмыс істеу, пікір алмасып, қарым-қатынастың қалай дамитынын бақылау. Басқалардан үйренетін нәрсе табылады!

Талан ТІЛЕГЕН

Шағын сұхбат

Еліміздегі ең ірі «Air Astana» әуе компаниясының президенті Питер Фостер Алматыда журналистерге сұхбат берді. 2019 жылдың қарашасында Қытайдың Ухань қаласында басталып, дүниежүзін шарпыған коронавирустың ауыр соққысы талайды сең соққандай өтті. Төртқұл дүние тарс бүркеніп, карантиндік шектеуді енгізіп, алыс-бөріс, барыс-көліс кілт үзілгенде ең алдымен туризммен тамырына нәр баратын салалар сансырады. Дүниежүзін үйіре соққан ковидтің дауылы әуе кеңістігін кестелейтін ұшақтардың да ұшуын тоқтатты. Питер Фостерге қойылған сауалдың көбі осы карантиндік шектеуге қатысты.

— Пандемия авиация саласын едәуір шығынға ұшыратты. Тығырықтан қалай шықтыңыздар? Осы туралы айтып берсеңіз?

— Иә, өте орынды сұрақ. Біз пандемияның салдарынан 100 жыл көрмеген дағдарыспен бетте-бет келдік. Басқалармен салыстырғанда «Air Astana» компаниясы пандемиямен тиімді күресе алды. Біз пандемия кезінде мемлекет тарапынан болсын, акционерлер тарапынан болсын көмекке жүгінбедік, қаржы сұрамадық. Әлемді құрсауына алған карантиндік шектеу кезінде онтайлы шешім қабылдап, мәселені дер шағында шешуге ұмтылдық. Дәл қазіргі

сәтте біз пандемиямен тиімді күресе алдық деп айта аламын. Оған бірнеше себеп әсер етті. Біріншіден, пандемия басталғанда компания қорындағы қаржы жеткілікті болды. Соңғы 15 жылда компания табысты қызмет етіп келеді. Екіншіден, біздегі ұзақ мерзімге жарамды әуе флоттарының барлығы компания шығындарын үнемдеуге әсер етті. Үшіншіден, бізде ішкі нарық өте қатты дамыған. Бүгінде ішкі рейстердің саны көбеюде. Төртіншіден, мемлекет тарапынан басқарылған халықаралық рейстерді орындауға мүмкіндік алдық. Ол шетелдегі Қазақстан азаматтарын елге қайтаруға арналған операциялар. Ал ең басты фактор — компанияның 5,5 мыңнан астам қызметкерінің өз жұмысына адалдығы. Біз жұмылған жудырықтай, «бір жағадан бас, бір женнен қол шығарып», жұмыс істегенің

Питер ФОСТЕР, «Air Astana» компаниясының президенті:

КАРАНТИН БІЗГЕ ДЕ СЫНАҚ БОЛДЫ

арқасында біріккен саусағымызға ине ілікті деп ойлаймын.

— Ковид ауруының салдарынан болған карантин кезінде қызметкерлердің жұмыс орын сақтап қалуына қандай мүмкіндік жасалды?

— Пандемия кезінде кейбір әуе компаниялары мыңдаған қызметкерін жұмыстан қысқартуға мәжбүр болды. Ал біздің



компания уақытша жұмыстан босатылған қызметкерлерге айлығының 50 пайызын төлеп отырды. Осылайша, олардың жұмыс орны сақталды. Компания да қаржысын үнемдей алды.

— Екінші жылға айналған осынау індет адамзат баласына да, бірнеше өкіл саласына да үлкен сабақ болды. Сіздер осы қиындықтан қандай сабақ алдыңыздар? Қандай тиімділікті ұстанып тығырықтан шықтыңыз?

Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың тікелей қолдауымен құрылды. Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл толса, біздің ұжымның салтанат құрып, елге қызмет етіп келе жатқанына 20 жылдың жүзі болды. Алдағы уақытта да еліміздің азаматтарын дідтеген жеріне дерт уақытында жеткізіп, қолайлы жағдаймен қамтамасыз етуге бар күш-жігерімізді саламыз.

Жазып алған Нұрдан КӨШІМБАЙ

Маңғыстау облысы еліміздегі экономикалық әлеуеті еселеніп артып, даму қарқыны жоғары өңір болып саналады. 1973 жылы бұрынғы Гурьев, қазіргі Атырау облысының оңтүстігінен енші алып, жеке-дара облыс болып құрылған сол кездегі Маңғышлақ 1988 жылы таратылып, 1990 жылы қайта құрылып, Маңғыстау облысы болып, тарих жылнамасына жазылды. Ел Тәуелсіздігіне 30 жыл қарсаңында жанданып, жаңарған Маңғыстау облысының да егемендікті нығайтуға қосқан үлесі орасан. Қарт Каспий төңізінің шығысына қарай жайылып жатқан Маңғышлақ үстіртіндегі Маңғыстау облысының территориясы солтүстік шығысында Атырау, Ақтөбе облыстарымен, оңтүстігінде Түркіменстанмен, шығыста Өзбекстан елімен шекараласады. Қазақстан мұнайының 25 пайызын өндіретін өнеркәсіптік облыс болып саналады. Еліміздің төңіздегі қақпасы саналатын жалғыз қала да осы облыстың орталығы – Ақтау шаһары. Әкімшілік құрылымы 5 ауданнан құралатын Маңғыстау облысының отыз жылда еңсерген жетістігі ерен.

1991 жылдан бастап осы күнге дейін Маңғыстау облысына 7 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды. Егер 1991 жылы өңір экономикасына 1,3 млн теңге инвестиция құйылса, тәуелсіздік жылдары бұл көрсеткіш 582,3 млрд теңгеге дейін өсті. Бүгінде облыста көлік инфрақұрылымы және туризм саласындағы бірқатар инвестициялық жобалар сәтті жүзеге асуда.



✚ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Абай ҰЗАҚБАЕВ, заңгер:

«Мен туған жеріме отбасыммен биыл жазда көшіп келдім. Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы Баянды ауылына қоныстандық. Кеңіл қуантатыны, еліме келген жылым Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен тұспа-тұс келді. Мамандығым бойынша заңгермін. Жолдасым – дәрігер. Ол да өз мамандығымен Мұнайлы аудандық ауруханасына орналасты. Елге келгеннен кейін бір ай ішінде азаматтығымды алдым. Бұл - мен үшін үлкен мәртебе. Қарақалпақстанда 25 жыл прокуратурада заңгер болдым. Ал қазір Маңғыстау облыстық адвокаттар алқасында тәжірибеден өтіп жатырмын. Үлкен қызым халықаралық қатынастар факультетінде оқиды, екінші қызым – программист. Ұлым IT саласында білім алып жатыр. Міндетім – еліне қызмет ететін саналы ұрпақ тәрбиелеу. Байлығым – балаларым. Олардың жетістікке жетіп, өмірден өз орнын тауып, туған еліне қызмет етуіне өз үлесімді қоссам деймін. Тәуелсіз елімізге қолымнан келгенімше, аянбай қызмет өтемін. Ең бастысы, еліме тыныштық тілеймін».



Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Маңғыстау облысында мектепке дейінгі білім беру мекемесінің саны 3 есеге артты. 1991 жылы өңірде 113 балабақша жұмыс істесе, 2021 жылға қарай олардың саны 331-ге жетті. Бүгінде бұл аймақта 3-6 жас аралығындағы балалар балабақшамен 100 пайыз қамтылды. Демек елімізде балабақшада орын жетіспеушілігін алдымен шешкен облыс болса, ол – Маңғыстау өңірі.

Осы жылдар ішінде Маңғыстау облысында орта білім беретін мектептер саны 2 есе өсті. 1991 жылы өңірде 86-мектеп болса, 2021 жылы оның саны 171-ге жетті. Маңғыстау облысын дамыту жоспары аясында алдағы 5 жылда 35 білім беру нысаны салынатын болды. Биылдың өзінде 2 мемлекеттік, 5 жекеменшік мектеп ашылды.

Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Маңғыстау облысында орта білім беретін колледждердің саны да 3 есе өсті. 1991 жылы 10 колледж болса, 2021 жылы 27 колледжде студенттер кәсіп иесі атану үшін білім алып жатыр. Өңірдің дамуы қажеттілігіне орай бірнеше жана мамандықтар ашылды. Бүгінде сол мамандықты игергендер экономиканың түрлі саласында табысты еңбек етуде. «Өркениет дегеніміз – мәдениетті қоғам қалыптастыру» дейді ағылшын жазушысы өнер зерттеушісі Джон Рескин. Мәдениетті қоғам қалыптастыру

дегеніңіз, мәдениет үйлерін көптеп салудан басталса керек. Маңғыстау облысында 34 мәдениет нысаны іске қосылған. Ауылдарда мәдениет үйлері мен театрлар ашылып, балаларды өнерге баулуға мүмкіндік туды. Солардың ішінде 2003 жылы ашылған Н.Жантөрин атындағы облыстық музыкалық-драма театры, 2009 жылы іске қосылған «Отпан» мәдени кешені және 2015 жылы пайдалануға берілген «Мемориалдық мұражайды» ерекше атауға болады.

Тәуелсіздік алған 1991 жылдан бері Маңғыстау облысында 11 млн 333,2 мың шаршы



АИМАҚ

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

логистикалық және инфрақұрылымдық әлеуеті артты. Үш мемлекетті жалғайтын «Өзен—Берекет—Горган» халықаралық теміржол дәлізі

3,3 жылға артты. 1991 жылы тұрғындар шамамен 67,8 жас жасайтын болса, 2020 жылы 71,1 жасқа дейін ұзарған.



www.jasqazaq.kz



логистикалық және инфрақұрылымдық әлеуеті артты. Үш мемлекетті жалғайтын «Өзен—Берекет—Горган» халықаралық теміржол дәлізі



ОТЫЗ ЖЫЛДА ӨРКЕНДЕГЕН ӨҢІР

метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Әсіресе, тұрғын үй құрылысы облыс орталығында қарқынды жүруде. Ақтауда соңғы бес жылда жана 11 шағынаудан бой көтеруі аз жетістік емес.

Айта кетейік, 2021 жылдың жоспары 1,201 ш.м. құрады. Ал биылғы 10 айдың қорытындысы бойынша 954 мың шаршы метр тұрғын үйдің құрылысы дер шағында аяқталып, тұрғындар қоныс тойын тойлады.

Маңғыстау облысы — республикалық туристендіру картасында үздік ондыққа кірді. Өңірде жағажай туризмімен қатар, дала туризмі де қарқынды дамып келеді. Ақтау жағалауында тұтас курорттық аймақ пайда болды. Жана демалыс кешендері салынды. Осыған

орай, облысқа келетін туристердің саны бірнеше есе артқан.

2004-2020 жылдар аралығында өңірге келген туристер саны 2,5 миллион адамнан асқан. Оның 2 миллионға жуығы ел азаматтары (ішкі туризм деңгейінің көрсеткіші), қалған 500 мыңнан астам адам шетелдік туристер.

2021 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша өңірге саяхаттап келушілер саны (*ресми статистикалық мәліметтер бойынша*) 139 мың адамға жетті, бұл 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,1 есе өсті деген сөз (*2020 жылдың қаңтар-маусымы — 45 мың адам*);

2007 жылы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығымен Маңғыстауда жана — Мұнайлы ауданы құрылды. Бұл тәуелсіздік алғаннан кейінгі елімізде құрылған алғашқы аудан. Ол кезде аудан халқының саны 53 мың болған. Бүгінде Мұнайлыда 174 мыңнан астам адам тұрады. Өңірдегі ең ірі және халық тығыз орналасқан аудандардың бірі болып саналады.

Тәуелсіздік алғалы бері Маңғыстау облысы тұрғындарының саны екі есеге өсіп, бүгінде 720 мың адамға жетті. 1989 жылы (*322 700 болған*). Өңірде алтын, күміс алқа алған батыр аналар көп. Туу көрсеткіші бойынша облыс соңғы 4 жылда елімізде көш бастап тұр. Осыған орай, жана Ана мен бала орталығы пайдалануға берілді, перзентханалар салынды. Табиғи өсіммен қатар өңірге шетелдерден қандастарымыз көптеп көшіп келді.

Тарихи Отанына қоныс аударушылардың саны бойынша да Маңғыстау өзге облыстардан алда.

30 жылдың ішінде Маңғыстау облысында 150-ден астам денсаулық сақтау нысаны іске қосылған. Жедел жәрдем автопаркі 100 пайызға жаңарды. Жаңаөзен қаласында озық үлгідегі аурухана мен емханалар пайдалануға берілді.

Маңғыстау облысында 30 жылда 1100 шақырым автомобиль жолы салынып, үш теміржол іске қосылды.

Маңғыстаудың шекаралық облыс ретінде транзиттік, көлік-

ашылды. «Жезқазған—Бейнеу» теміржолы салынды. «Атырау—Ақтау» автокөлік жолы жаңартылды. Елімізді Түркіменстанмен байланыстыратын «Өзен—Түркіменстан» авто жолы салынды.

Өткен ғасырдың 90-жылдары облыстағы автомобиль жолдарының ұзындығы 1778 шақырыммен шектелетін. Тәуелсіздік алған жылдан бастап тағы 1 мың шақырымнан астам жол салынды, тозығы жеткен 2 мыңға жуық жол жөндеуден өткізілді.

Тәуелсіздік жемісі деп мактанып айтар жағымды жаңалық — Маңғыстау облысы табиғи газбен 100 пайыз қамтылған еліміздегі жалғыз өңір.



Маңғыстау облысы бұқаралық спортпен шұғылдану көрсеткіші бойынша республикада алдыңғы орында. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, еліміздің 31 пайызы ғана бұқаралық спортпен айналысады. Ал Маңғыстау облысында бұл көрсеткіш 36,4 пайызды құрап отыр. Мұндай көрсеткішке жетуге ауладағы спорт алаңдары мен елді мекендердегі спорттық нысандардың көптеп салынуы мүмкіндік берді. Биылдың өзінде облыста бірнеше спорт кешендері ашылды. Соның екеуі — Түпқараған ауданындағы Ақшұқыр ауылында.

Тәуелсіздік жылдары Маңғыстау облысында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 6,0 млн теңгеден 2,6 трлн теңгеге дейін ұлғайды.

Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі 3,0 млн теңгеден 183 млрд теңгеге дейін өсті.

Маңғыстау облысы — пайдалы қазбалардың негізгі түрлері мұнай мен газ болып табылатын өнеркәсіптік өңір. Өткен 2020 жылдың қорытындысы бойынша Маңғыстау өңірі өнеркәсіптік өндіріс



көлемі жағынан республикада үшінші орынды межеледі. Мұнда еліміз бойынша өндірілген мұнайдың 23%-ы, табиғи газдың 5,5%-ы, азот минералды тыңайтқыштар өндірісінің 85%-ы, кокс пен битум өндірісінің 25%-ы, бор мен доломиттің 25%-ы, портландцементтің 8,0%-ы, өндірілетін электр энергиясының 4,5%-ы шоғырланған.


Тәуелсіздік жемісі: 30 жылда өңір тұрғындарының өмір сүру ұзақтығы

Шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 55 мыңға жетіп, 4 есеге артты. Осы салада жұмыспен қамтылғандар саны — 3 есе, өнім шығару көлемі 14,5 есе өсті.

Жанаөзен қаласында да тұрғын үй құрылысы қарқынмен жүргізіліп келеді. «Шұғыла» ықшамауданында «Нұрлы жер» бағдарламасымен екі бірдей көппәтерлі үйге күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді. Инженерлік желісі ауыстырылып, баспалдағы да жаңартылып, әктеу, сырлау жұмыстары жүргізілді. Бұдан бөлек, бой көтергеніне 50 жылдан асқан 22 ескі үйге де күрделі жөндеу жүргізіледі. Жаңаөзен қаласында «Жанарыс» тігін цехы бар. 1991 жылы тәуелсіздікпен тұспа-тұс ашылған, бұл күнде 314 адам жұмыс істейтін тігін цехы облыстағы жеңіл өнеркәсіпті өрістетіп отырған бірден-бір орталық болып саналады. Мұнайшыларға, құрылысшылар мен

✚ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қадыр ТАҒАН, кәсіпкер:



«Біз Ираннан Қазақстанға қоныс аударған кезде мен төрт жаста болатынмын. Ата-анам мен туған-туыстарым барлығы Атажұртымызға, Ақтау қаласына көшіп келді. Мен өз елімде, өз жерімде өстім. Қазақстанмен бірге есейдім. Білім алдым.

Қазір мұнайшымын. Ата-бабамның ізін жалғап, осы салада қызмет етіп келемін. Әкем - Көрпе Таған Маңғыстау өңіріне танымал адам. Елге алғаш келген жылдары ата-анам егіншілікпен айналысты. Бірте-бірте өндіріс саласына ауыстық. Қазір кәсібіміз бар. Бүгінде төрт бала тәрбиелеп отырған отбасымыз. Атамекеңге келіп, ата-анамыз немере сүйіп, ұрпақ тәрбиелеп отыр. Ең бастысы, өз жерімізде, өз елімізде армандарымызды іске асырып, ел қатарлы күн кешудеміз. Ата-бабамыз 1932 жылы ашаршылық тұсында осы өңірден Иранға қоныс аударған екен. Қаншама қиындықты өткерген. Біз бүгінде Тәуелсіз Қазақстанның азаматымыз. Болашағымыз осы өлмен бірге. Еліме, жеріме титтей де болса үлесімді қосқым келеді. Азат елдің баласы ретінде өр қазақтың еңсесі көтеріліп, қаншама қазақ Отанына оралды. Әлем Қазақстанды таныды, қазақты таныды. Міне, бұл бізге Тәуелсіздіктің берген баға жетпес байлығы. Мен де қазақ елінің азаматы ретінде азат еліме, бір кісілік үлесімді қосып жатырмын. Кесіп болсын, мұнай саласында болсын, тиісінше жемісті еңбек етіп келеміз. Ел экономикасына, ел руханиятына өзіндік үлесімізді қосудамыз. Бізді өркез осы бақыттан айырмасын. Әр қазаққа шексіз бақыт, қуаныш сыйлаған Тәуелсіздік мерекеміз құтты болсын!».

коммуналдық һәм медицина мамандарына арнайы киімдерді де осы «Жанарыс» тігіншілері өндіреді.

Маңғыстау облысының кешенді даму жоспарына сай Жаңаөзенде 180 орынға арналған жатақхана бой көтерді. Оған бюджеттік қызметкерлер қоныстанады. Одан бөлек, жастар сарайы, кітапхана, әмбебап спорттық кешен, драма театр, мұз айдыны салынады. Қалалық автобус паркін де жаңартып, жаңғырту ісі қолға алынбақ. Сондай-ақ амратура өндіретін зауыт құрылысы да басталады. Зауыт іске қосылса, жүздеген адамға жана жұмыс орны ашылады.

Қуаныш НҰРДАНБЕК



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

RYQANIAT

www.jasqazaq.kz

Орайы келген әңгіме

Өнер саласындағы білім беру жүйесі өзгеше қарым-қатынасты талап етеді. Шығармашылық тұлға қалыптастыру – жауапты іс. Себебі көз келген мемлекеттің өркениеттілік деңгейіне көтерілуі, тікелей рухани әлемге, әлеуметтің ішкі мәдениетіне байланысты.

Осы тақырыптың төңірегінде өнер саласындағы тәжірибелі ұстаз, киносыншы, Өнертану PhD докторы, «Тұран» университетінің профессоры Гүлзат КӨБЕК ханыммен сұхбаттасқан едік.

— **Білім беру саласында өзгеріс көп. Тәжірибелі маман ретінде бүгінгі ұстаздар қандай талаптарға сай болуы керек деп ойлайсыз?**

— Білім беру емес, «білім алу» процесінде өзгеріс көп деп айтар едім. Бүгінгі жастар тым еркін. Ойлау жүйесі бөлек. Қысымды қаламайды. Өктемдік жүргізетін ұстаздар трендтен қалады деп есептеймін. Шәкірттердің назарын білімінің масштабымен ғана ұстайсын.

Қазір барлық ақпарат қолжетімді. Бұл құбылыс бүгінгі шәкірттердің өздігінен білім алуына жол ашты. Ұстаздар тек қызағушылығын оятатын, бағдарламаларды бекітетін, нәтижесін бақылайтын күшке ғана айналды.

Келешекте енді ұстаздарға тақырыптық дәріс оқумен шектелу де аздық етеді. Ұстаздық — сананы басқару билігі. Демек ұстаз — арнайы пән маманы, психолог қана емес, масштабты идеолог болуы керек. Қоғамдық сананы өзгертудің барлық тетігі — негізі ұстаздың қолында. Оның шеберлігінде. Білімінде.

ҰСТАЗДЫҚ – САНАНЫ БАСҚАРУ БИЛІГІ

Бүгінгі заманда «қандай адамдар ұстаз болып жүр?» деген мәселе өте өзекті деп санаймын.

— **Онлайн форматта білім беру, сіз айтып отырған шәкірттердің өздігінен үйренуге дағдылану процесі өнер саласына мамандар даярлайтын оқу орындарына жарамды ма?**

— Шығармашылық адамдары — еркіндік иелері. Оларға қысым жасау жарамайды. Онлайн формат олардың білім алуына кедергілер жасады деп айта алмаймын. Керісінше, жеке ізденуіне мүмкіндік жасады деп есептеймін. Жеке шығармашылықтарын жетілдіруіне бос уақыттары көп болады.

Ең басты келергі, өнер саласындағы бағдарламалардың виртуалды жабдықтары жасалмаған. Дәрістер видео форматта жүктелгені, тіпті актерлер мен бишілердің жаттығуларына дейін қамтылғаны дұрыс. Біз келешекте осы жүйеге келеміз. Кабілетті, талантты адамға оқу орны мамандық алудың ғана құралына айналады.

— **Білім саласында жүріп жатқан осындай көзге көрінбейтін құбылыстар үлкен тоқырауларға әкелмейді ме? Мысалы, сауатсыздыққа...**

— Кез келген тоқыраудың ар жағында жаңа белес тұрады. Бұл құбылыстарды жаңа жүйеге өту алдындағы кобалжу ғана

деп есептеймін. Әр заманда өмір сүретін қоғамның өз ережелері болады. Бүгінгі білім саласында жүріп жатқан өзгерістер де жаңа қажеттіліктерден туындаған процесс.

Табиғи процесс басталып кеткенде, оны тоқтату мүмкін емес. Бүкіл әлем осы ритмде. Бұл біздің ортақ қалауымыз. Білім алу процесінде де «тәуелсіздік» алу. Жеке құқынның талаптарын қою. Бір ғана ұстаздың қойған бағасына тәуелді болмау. Өзінің құнынды, масштабынды өзін әділ бағалау. Демек сауатты немесе сауатсыз болуға да таңдауды өзін жасайсын.

Бір ғана ұстаздың берген білімінің масштабымен шектелмеу. Тіпті бір ғана мамандықпен шектелмеу. Бүгінгі нарық заманының талаптары қатаң. Жан-жақты болмасаң, қажетсіз болып қаласың. Қажетсіздіктен жеке тұлғаның құны жойылады. Бұл — шындық.

— **«Қажетсіздік» дегеннен туады...**

Бүгінгі заманда көп мамандық өзекті



болмай қалды ғой. Өнер саласында қандай мамандықтар құндылығын жойып жатыр?

— Нарық жұртты есеңгіретіп тастады.

Еркін бәсеке алаңына лақтыра салды да, әркімнің өмір сүруге кабілеттілік күшін бақылады. Осы процестерден біз не ой түйдік?!

Актерлердің перспективасына күмәнмен қараймын. Кинодағы рөлге көшеден де табиғи дарынды адамдар табылады. Тик-токтың өзі тұнып тұрған әртүрлі денгейлі әртістер аланы. Кастинг жаса да таңдай бер.

Журналистерге — блогерлер, телеарналарға — ютуб, газеттерге — сайттар ашық бәсекеге түсіп жатқанда, көзді жұмып, шындықты мойындамау дұрыс емес. Иллюзия қумау керек.

Жұмыссыздық — бүгінгі таңда үлкен мәселе. Мамандық табыс табудың құралы. Егер мамандығына өндірісте сұраныс болмаса, ол салаға жыл сайын талапкерлер қабылдай берудің қажеттілігі бар ма?!

Кез келген маман жұмыспен қамтылуы керек. Бұл маңызды.

— **Кино өнері саласындағы режиссура, драматург-сценарист, операторлық өнер, продюсер мамандықтарына деген сұраныс қалай?**

— ХХІ ғасыр — визуалды өнердің дәуірі. Барлық саланың жұмысы экран

өнерімен байланысты. Жер шарындағы цифрлық қарым-қатынас тікелей экранға тәуелді заманда өмір сүріп жатырмыз. Онлайн форматқа өткенде, барлық шаруа смартфонның экраны арқылы шешілді.

Операторлық өнер сөзсіз бағаланады. Олардың бір ғана ракурсының құны көп нәрсені шешеді. Режиссерлік мамандардың «миы» қымбат «идеялар» тудыруға кабілетті болса, олар алып саяси істердің нәзік тетіктерін басқара алады.

Драматург қаламы, егер өз қауқарын дұрыс түсінсе, «атом ядросынан» кем емес. Продюсерсіз енді артық қадам жасаудың қажеттілігі жоқ. Олар бүкіл процесті басқарады. Қазір әр жобанның жетістігі іскер продюсерге байланысты.

— **Өзіңіз қызмет етіп жүрген «Тұран» университетінде кино саласына мамандар даярлайтын факультеттің атауы «Turan Film Academy» болып қайта құрылды. Бұл да білім беру жүйесінде жүріп жатқан өзгерістерге қатысы бар ма?**

— Білім беру деңгейінің сапасына тікелей ықпал жасайды деп есептеймін. Бүгінгі уақытта халықаралық қарым-қатынастар маңызды болып табылады. Оның үстіне, отандық кино өнері әлемдік процеспен етене байланыста дамуы қажет.

Біз жаһанданудың жаңалықтарын назарда ұстаймыз. Біздің ұжымға жиналған мамандардың көпшілігі әртүрлі шет мемлекеттерден тәжірибе алмасқан білікті мамандар. Оқытатын бағдарламалары заманауи көрсеткішке ие. Ұстаздардың ұстанымдары да саясаты да бөлек.

Біздің даярлап шығарған мамандарымыздың идеясы келешекте халықаралық масштабта жетекші рөлге ие болғаны маңызды. Дамудың бағытын өзгертудің тетігін басқарса дейміз. Өнердің тілін, табиғатын, кілтін — жер шарындағы адамзаттың игілігі жолында сапалы қолданғанын қалаймыз. Бізге әр жеке маманның ықпалды күшке айналуы маңызды. Басты миссиясын толық дұрыс түсінбесе, диплом бермейміз.

— **Киносыншы маманы ретінде Тәуелсіз Қазақстанның отандық киноөндірісінің 30 жылдық тәжірибесіне қандай баға бересіз?**

— Отыз жыл көлемінде аз дүние түсірілген жоқ. Фильмдер бар. Біраз тақырып та қамтылды. Бірақ ойланатын да мәселе жоқ емес. Ғылыми-көпшілік бағыт пен деректі кино саласы ақсап тұр. Анимация саласы балалар аудиториясының дәл бүгінгі сұранысына сай заманауи өнімдер ұсынып отыр ма?! Балалар киносы неге үнсіз?!

Авторлық фильмдерде даму бар. Халықаралық кинофестивальдерден жүлде алып та жатыр. Бірақ идеялары қандай? Өз мүдделізге қарсы бағытта жұмыс істеп жатқан жоқ па?! Бұл да ойланатын мәселе.

Коммерциялық фильмдер аз. Көркемдік сапасы мен мазмұны да терең емес. Халықаралық прокатты «жарған» өніміміз бар ма?!

Авторлық кино мен коммерциялық бағыт күштерін біріктірсе, аудиторияға сапалы өнімдер ұсынудың мүмкіндігі болады. Авторлық фильмдер прокатта көрермен жинамайды. Көрермен көрмесе, насихат жүрмесе, бұл да ойланатын мәселе.

— **Әңгіменізге рахмет!**

Сұхбаттасқан Әсел АЛМАС

Өттің, дүние...

ТАРЛАН ТАРИХШЫ КӨШТІ ЖАЛҒАННАН



Тарих ғылымдарының докторы, Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, профессор, тарихшы Талас Омарбеков 73 жасқа қараған шағында өмірден озды. Қазақ тарихына қатысты жеті монографиялық еңбек жазып, тың зерттеу жұмысын ғылыми айналымға қосқан тарихшының «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» (1997), «ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері» (2001), «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» (2004) кітаптары, 200-ден астам ғылыми мақалалары оқырман тарапынан қызу қолдау тауып, құрметке бөледі. Білікті тарихшыға тек білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы екі мәрте берілді. «Құрмет» орденімен марапатталды.

Талас Омарбеков газетіміздің тұрақты авторларының бірі болды. Үнемі өзінің азаматтық үнін қосып, көзқарасын танытып, тарихи оқиғаларға қатысты шынайы пікірін ірікпей айтатын. «Большевиктер өкіметті басып алғаннан кейінгі жылдары қазақ жері екі дүркін — 20-шы және 30-шы жылдар басында жантүршігерлік ашаршылықты бастан өткерді. Осы аштықтарда қазақтың қырылғаны қырылып, аман қалғаны бас сауғалап, тоз-тоз болып, халық ретінде жойылудың аз-ақ алдында қалды. Қазақ қалай аштыққа ұрынды? Мұрағат қойнауында сақталған көптеген ресми құжаттар оқырманды шатастырып, бұл сұрақтың жауабын ауа райының қолайсыз болып, егін шықпай қалғанынан әрі кеткенде жергілікті жердегі асыра сілтеуден іздейді. Ақиқатқа жүгінсек, аштықтың төркінінде большевиктер партиясының көсемі Лениннің және оның партиялас серіктерінің бұралан іздері сайрап жатыр» («*Үш қиян газеті*») деп еді бір мақаласында. Қазақ халқының тарихындағы ақтандақтарды ашып, ақиқатты аршып шығаруға орасан үлес қосқан тарлан тарихшының мол еңбегі — ел руханиятының қазынасына қосылған қымбат мұра.

Jas qazaq газетінің ұжымы белгілі тарихшы Талас Омарбековтің өмірден озуына байланысты отбасы мен жақындарына қайғырып, көңіл айтады.

Тұсаукесер



Қазақ киносының қоржыны 6 бірдей тарихи телехикаямен толығады. «Qazaqstan» Ұлттық арнасы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында көрермендер назарына тағылымы мол туындыларды ұсынбақ. Бұл қазақ телевизиясы мен киносының тарихында болмаған оқиға. Бір мезетте 6 бірдей телехикая. Туындылардың көрерменге ұсынар тағылымы мол. Себебі мұнда ұлт тағдыры үшін күреске түскен ғұмырлар мен тау тұлғалардың өмірі, қилы тағдыры баяндалады.



Мәселен, әйгілі Жәңгір хан, дана Домалақ ана, Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы, мұзбалақ акын Мұқағали Мақатаев, қазақ ғылымының атасы атанып кеткен Қаныш Сәтбаев сынды тұлғалар жайлы телехикаялар болмақ. «Ахмет. Ұлт ұстазы» телехикаясының басты рөлін сомдаған Байғали Есенәлиев Ұлт ұстазы атанып кеткен Ахмет Байтұрсынұлының рөлін сомдау туралы айтып берді. Ол: «Рөлді сомдау ауыр болмады деп айта алмаймын. Өзіндік қиындықтары болды. Себебі Ахметтің дәуірімен сөйлеуге, Ахметтің дәуірімен ойлануға тура келді. Ең бастысы, Мұқағали,

Ахмет, Жәңгір, Домалақ ана, Қаныш Сәтбаев болсын, бұлардың барлығының бойында елі үшін өзін түгелдей берген адамдар. «Елім маған не берді деп емес, ел үшін мен не істей аламын» деп өмір сүрген адамдар. Бұл фильм мені соған тәрбиеледі. Жасым 60-қа жакындап қалса да, осы фильм барысында «елім үшін мен не істедім» деген сұрақты қоюмен болдым. Егер бүгінгі телехикаялар көрерменнің жүрегіне осы бір сауалды сіңіре алатын болса, «Qazaqstan» телерадиокорпорациясының ұлы бағдарламасының іске асқаны деп білемін», — деді.

Ұлттық арна әр жыл сайын тағылымы мол тарихи телехикаяларға басымдық береді. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында бұл бағыттағы жұмыстар еселене түсті. Әр телехикаяның орны бөлек. Мәселен, «Сарай сыры» телехикаясында Жәңгір ханның әйгілі Бөкей ордасының ханы соның қилы тағдыры, болмысы көрсетілмеқ. Себебі кеңестік кезеннің сүркия саясатының салдарынан Жәңгір ханның образы көпшіліктің санасында жағымсыз болып қалған. Ал бұл телехикая арқылы көпшілік көрермен Жәңгір ханның шынайы болмысын, қазақ даласына әкелген

Батыс өркениетін игіліктерін ілім-ғылымға деген ұмтылысын барынша көре алады.

«Qazaqstan» Ұлттық арнасында тарихи телехикаялардың керуені мұнымен тоқтап қалмайды. Алдағы уақытта Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев, Дина Нұрпейісова сияқты тау тұлғалар туралы фильмдер, телехикаялар түсіру жоспарланып отыр. Сонымен қатар Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романы желісімен кино түсіріледі.

Шерхан ЖАМБЫЛҰЛЫ


Мерейтой

Өсімхан Еркебайұлы Пістебек – ҚазМУ-дің журналистика факультетінің 1988 жылғы түлегі. Журналистикадағы еңбек жолын «Мақтарал» газетінде тілші болып бастаған. Одан кейін «Өркен» – «Горизонт» газетінде, облыстық «Айғақ», аудандық «Жетісай», «Аймақ», «Жетісай жаңалықтары», «Жетісай ақшамы», «Жетісай жарнамасы» және т.б. басылымдарда жұмыс істеп, аймақтағы журналистиканың дамуына субелі үлес қосты. Күйіп тұрған мәселелерді көтерген сын мақалалары «Жас алаш», «Оңтүстік Қазақстан», «Замана» газеттерінде жиі жарияланып тұрды. Өсімхан Пістебектің қаламынан шыққан дүниелер Jas qazaq газетінде де жарық көрді. Өскен ешкімге ұқсамайтын жазу мәнерімен, өзіне тән шымшыма әзілімен дараланып тұрады. Біз әріптес досымызды мерейтойымен құттықтап, белгілі саясаткер Әміржан Қосановтың ой-толғауын оқырманға ұсынып отырмыз. Сондай-ақ 2018 жылы басылып шыққан «Менің курстастарым-88» кітабындағы Өскеннің естелігінен үзінді беруді жөн көрдік.

«Ұлы француздар провинцияда дүниеге келіп, Парижде өледі» деген бір қанатты сөз бар. Меніңше, осы, шын мәнінде, екіұдай мәтелдің әмбебап һәм жалпыадамзаттық астары бар. Өйткені әр ұлттың өз Парижі бар. Десек те, кез келген философиялық тұжырымның екі жағы болады. Өткен ғасырдың 80-жылдары Қазақстанның түкпір-түкпірінен ару Алматыға арман қуып келіп, Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түстік. Бір оқу ғимараты, бір бағдарлама, бір лекциялар мен семинарлар, бір жатақхана, бір асхана, бір декан, бір комендант. Бірақ әр пенденің тағдыры бөлек емес пе: оқу бітірген соң бөріміз жан-жаққа шашырап кеттік. Біріміз сол кездегі астана, Алматыдағы республикалық басылымдарға жұмысқа орналастық. Ал біріміз туған ауылға тартып, сол жақтағы облыстық, аудандық газет, радио мен телевизиядан орын таптық. Алматыда алған білімін ауылына жарата білген сондай әріптестеріміздің бірі — осы күндері 60 жасқа толып жатқан Өсімхан Пістебек. Алғашқы курста әркім өзін тек Абай мен Әуезовпен ғана салыстыратын журфак секілді небір «классиктер», ығай мен сығай жиналған факультеттің «Қаламгер» қабырға газетін шығаруды кез келген студентке тапсыра бермейді ғой. Ол үшін, мәселен, сол

күйіп кетті» деп құтылады. Бәлкім, өзімен бірге оқыған жолдастары сол күні көптеп кешікке керек...

Кәсіподақ басшысының өкілеттігі мен құзыреті сұмдық. Студенттер профилаторийіне арнай жолдаманың өзі не тұрады. Тұратын бөлмен мен мен күніне үш рет тамағын бар. Тура бір студенттік пейіш дерсін! Сол кезде



ПРОВИНЦИАЛ ЕМЕС ПІСТЕБЕК

журфактықтар әлгі жолдамаларды үлестірген Өсімханның әділеттігіне, ешкімді алаламай, бәрін өз ретімен шешетіндігіне тәнті боп жататын. Білуімше, оқуды бітіргеннен соң, Өсімханға Алматыдағы республикалық басылымдардан бірқатар ұсыныс түскен. Өзі студент кезде «Горизонт-Өркен» газетінде жұмыс істеп жүрген. Көптеген студент секілді Желтоқсанда көзге түскені бар. Сол кезде газеттің редакторы Столяров: «Если будет следующий Желтоқсан, то первым туда пойдет Пистебеков!» деп бұған тиісе береді екен. Диплом алғаннан кейін Алматыда қалуына дәл осы жайт әсер етсе керек, «желтоқсанщыл» деген себеппен сол кездегі катал тәртіп оны Алматыға сыйдырмады. Сөйтіп ол ауылына оралады. Бірақ ол жақта жүріп, көленкеде қалған жок, әдебиет және баспасөздегі процестерден шеттемеді. Ауылда жүріп, Алатаудай асқақ армандарын орындап, бойындағы барлық талантты аша білді деп санаймын. Біріншіден, ол — Жетісай ауданындағы бірқатар газетте жұмыс істеп,



СТУДЕНТТІК ӨЗІЛ

Бесінші курстан бастап «Өркен» – «Горизонт» апталық газетінде жарты ставкамен қосымша жұмыс істей бастадым. Түске дейін сабақ, түстен кейін жұмыс. Жазу көбейді. Кешқұрым «өлдім-талдым» деп старостамыз Жолдасбек Дуанабаев екеуіміз екі жақтан қисая кетеміз. Жөкең де «Қазақстан пионері» газетінің «жарты ставкашысы».

Көктем өтіп, жаз шығысымен кафедра меңгерушіміз Тауман Амандосов ағайымыз жиі-жиі мазалап, «диплом жұмыстарың қайда» деп жатты. Бір күні алдына шақырды. Қинала бардым. Өйткені бар мәлімет пен мағлұматты қордалағаныммен, диплом жұмысын өлі бастамағам. Қорғауға бір айдан астам уақыт қалып еді. Профессор дипломымды сұрады. «Жазғаныммен өлі түптей қойғам жоқ» дедім. «Ал аналар не істеп жатыр» деді. «Олар түк те істеп жатқан жоқ, әйтеуір, жүр. Ал мен ғой қосымша жұмыс істеймін деп сабылып жүргендіктен осылай жүрмін» дедім. «Же-өн! Бірақ бәрібір жөн емес!» деді. Сосын «Ана екеуін алдыма жедел шақыр» деді. Мен оларға аманат сөзді айттым.

Сөйтіп сенбі ғой, бір созылып жатайын деп көруетке қисайғаным сол, екеуі елпіне-желпіне келіпті. «Бізге жаман ұрысты. Өне, көрдіңдер ме, жұмыс істеп жүрген Пістебеков дипломын жазып қойыпты. Ал сендер сенделіп жүрсіндер деді Амандосов» дейді. «Ағай солай десе, дұрыс айтқан өкен» дедім де одеялымды қаттырақ тарттым. Күлкім келді... Олар күндегі әдетінше «Қой, тағы дайындалайық» деп дайындық бөлмесіне асығыс «аттанып» кетті.

Олар: менің курстастарым – Амантай Шеріпов пен Төреғали Нөменов еді.

Бірақ диплом қорғауда менің ұстазым Т.Амандосов он бес беттік менің дипломымды қорашсынып, құрам мүшелері «жақсы баға қояйық» десе де көнбей, «қанағаттанарлық» қою керек, бұл студент кафедра аралық социалистік жарыста кафедрамды әрдайым артқа сүйреп келген» деп біраз секундтар түзелмей отырды. Мың жасағыр үлкен ғалым Шерияздан Елеуенов термин мәселесінде қорғаған дипломымды қолдағаны мақұл болды. Шынымды айтсам, сол ағай ғылыми еңбектерінен менің біра-аз нәрсені ұрлағанымды білді-ау. Сосын менің еңбегім не, оның еңбегі не, бәрібір қазақтіл ғой деп ойлап, «маған «жақсы» деген бағаны алуға жол ашты-ау. Расы керек, танымаса да мені қатты қорғады. Сірә, осы бала болашақта ғылым, білім саласындағы терминдерді зерттейді деп үміттенсе керек. Бірақ үміті ақталмады. Оңтүстіктің қиыр оңтүстігіндегі жеті сайы бар деп аталатын, бірақ жеті сай еш жерден табылмаған бір қалада күнге күйіп, мақта төріп, бар жазғаны он бес беттік дипломмен тоқтаған студентінің болашақтағы халін сол кезде ол кісі қайдан білер еді.

Бір қуанарлығы – Амантай да, Төреғали да дипломдық тақырыптарын «өйбат» қорғап, профессорлардың үлкен ілтипатына ие болды. «Еңбек етсең, емерсің» деген осы да.

төгіп, қалірін кетіріп жатыр-ақ! Түстіктегі әріптестер мен әкімқаралардан естігенім сол: Өсімхан өмір бойы ондай нәрселермен айналыспаған. Оның тазалығы мен әділеттігі туралы көп адам айтып жатыр. Ол да болса, оның өмірлік кредосы, жетістігі һәм жеңісі. Екіншіден, ол — аймақтық баспасөзді жана, нарық жағдайына бейімдеуді қолға алған қабілетті кәсіпкер. Социализм мен жабайы капитализм арасындағы «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер» өліара шақта, өзі мұрындық боп, «Аймақ», «Жетісай ақшамы», «Жетісай жаңалықтары», «Түстік тарап» атты бірнеше жеке газет ашқан. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал»: қазіргі басылымдардың он түйткілді әрі түйінді тұсы — таралуы екенін ескеріп, ол осы аса маңызды тірлікпен айналысатын арнайы мекемелер де құрған. Үшіншіден, ол — әрбір журналистің алтын уақыты мен күш-жігерін жеп қоятын күнделікті қым-қуыт шаруалардың бел ортасында жүріп, әдебиеттен де қол үзбеген қалам иесі. Балаларға арналған әңгімелері өз оқырманын тауып, жылы қабылданып жатыр. Меніңше, әдебиеттің ең қиын жанры — дәл осы, жеткіншектерге арналған туындылар. Баланың тілін тапқан автор дананың тілін де таба алады! Өсімхан осы жанрды да меңгеріп алды. Қазіргі қызметі — Құрманбек Жандарбеков атындағы Жетісай драма театрының әдеби бөлімінің жетекшісі болуы да әдебиетке қайта оралып, жанаша ден қоюы деп білемін. Осында жүріп балаларға арнап жазылған пьесалары да сахналанып жатса, міндетті түрде барармыз, көрерміз. Өзінің биік талғамы, білімі мен парасаты, Құдай берген тума таланты, кесек азаматтығы, шығармашылық



кездің өзінде ешкімге дес бермейтін, «сен тұр, мен атайын» деп арындап, жалындап тұрған Бауыржан Үсенов, Табыл Досымов, Әубәкір Смайылов, Амантай Шеріпов секілді қатарлас студенттердің өлеңдерін басу не баспауды шеше алатындай мінез бен талғам болуы керек еді. Қазақ әдебиеті мен журналистикасының болашақ тарландарына жол ашып берген сол газетті жеке-дара шығарған — Өсімхан еді. Менің де студент кездегі тырнақалды өлеңдерім сол үлкен плакатта Өсімханның рұқсатымен жарияланған. Факультетте ағайынды қоңыр қаздай, қоғамдық жұмысты да қатар атқардық: ол студенттер кәсіподақ ұйымын, мен комсомол комитетін басқардық. Екі бөлек курста оқысак та, бір жатақханада тұрдық, бірге сырластық, бірге ортақ жоспар құрдық. Темірбек Қожакеев декан боп тұрғанда, танертен жатақхана мен оқу корпусының алдында арнайы рейд жасайтын Кешігіп келген студенттерді фотоға түсіріп, кейін факультет фойесіне сол фотоларды іліп қоятын. Бірде ол кәсіподақ басшысы Өсімханға «келесі рейдке фотоаппарат тап» деп тапсырма береді. Ол кезде фотоаппарат секілді құдірет қарапайым студенттерде қайдан болсын. Ондай техника тек қана елден ерекше жаратылған Нұрлан Нұрғазин досымыздан табылады. Танертенмен олар кешіккендерді шытырлатып фотоға түсіреді. Бірақ кейін декан фотоларды сұраса, Өсімхан «пленка

өңірлік проблемаларды республикалық деңгейге көтерген кайраткер журналист. 90-жылдардың аяғында сол өңірдегі қазақ-өзбек шекарасының біз жақтан бекітілмеуіне қатысты дабыл қағып, «Жас алаш» газетіне жазып, үкімет басшысы Нұрлан Балғымбасев пен мүйізі карағайдай генералдардың осы стратегиялық шаруаға тікелей араласуына



себепкер болғандардың ішінде біздің Өсімхан да бар болатын. Шынын айту керек, Астана мен Алматыдағы бетін жел қақпай, маңдайын күн шалмаған, әбден өркөкірек боп кеткен кей интеллигентсымақ ағайын, қоғамдық пікір мен баспасөздің қайнаған ортасы — аймақтық журналистиканы менсінбейді, ондағы жағдай мен әріптестерге мұрнын шүйіре қарайды. Ол

Өсімхан ПІСТЕБЕК

Әміржан ҚОСАНОВ,
саясаткер

ОБЪЯВЛЕНИЯ НА ПОРТАЛ

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті келесі жобалар бойынша Қоғамдық талқылау нысанында Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды:

- «Каспий итбалықтарын (*Pusa caspica*) 2022 жылы зерттеу және танбалау үшін ұстап одан кейін қайтадан табиғи ортасына жіберу мақсатындағы биологиялық негіздемесі».
- «Арал қазыын (*Barbus brachycephalus*) ғылыми мақсатта алмастыратын үйірін қалыптастыру және оларды кейіннен жасанды жолмен көбейту үшін Арал-Сырдария бассейнінен алып қоюға биологиялық негіздемесі».
- «Арал пілмайын (*Acipenser nudiiventris*) ғылыми мақсатта алмастыратын үйірін қалыптастыру және оларды кейіннен жасанды жолмен көбейту үшін Балқаш-Алакөл бассейнінен алып қоюға биологиялық негіздемесі».

 Жобалар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жұмыс күні өткеннен кейін <https://ecoportal.kz/> бірыңғай экологиялық порталында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде он күн бойы ескертулер мен ұсыныстарды ұсыну үшін қолжетімді болады.
 Әзірлеуші: «БШҒӨО» ЖШС, Алматы к., Сүйінбай даңғылы 89А, тел. 8(727)383-17-15

Комитет рыбного хозяйства Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан уведомляет о проведении Общественных слушаний в форме публичных обсуждений по следующим проектам:

- «Биологическое обоснование на изъятие каспийских тюленей (*Pusa caspica*) для научных исследований и мечения с последующим выпуском в природную среду в 2022 г.».
- «Биологическое обоснование на изъятие аральского усача (*Barbus brachycephalus*) в научных целях из Арало-Сырдарьинского бассейна для формирования ремонтно-маточных стад и их последующего искусственного воспроизводства»
- «Биологическое обоснование на изъятие аральского шипа (*Acipenser nudiiventris*) в научных целях из Балкаш-Алакольского бассейна для формирования ремонтно-маточных стад и их последующего искусственного воспроизводства»

 Проекты будут доступны на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz/> в разделе «Общественные слушания» по истечении пяти рабочих дней со дня опубликования данного объявления для предоставления замечаний и предложений в течение десяти рабочих дней.
 Разработчик: ТОО «НПЦРХ», г. Алматы, проспект Суюнбая, 89А, тел. 8(727)383-17-15

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:

- Жайық-Каспий бассейніндегі халықаралық, республикалық және ЕҚТА орналасқан балық шаруашылығы су айдындарын, сонымен қатар жергілікті маңызы бар су айдындарының балық қорынын жағдайын бағалау және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу
 - Бөлім: саға алды кеңістігімен Жайық өзені, саға алды кеңістігімен Қиғаш өзені, «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватының буферлік аймағы
 - Бөлім: Жайық-Каспий бассейнінің ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында орналасқан су айдындары
 - Бөлім: Жайық өзені (*Батыс Қазақстан облысы шегінде*)
 - Бөлім: Батыс Қазақстан облысының жергілікті маңызы бар резервтік су айдындары.
- Балқаш-Алакөл бассейніндегі халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар су айдындарында және ЕҚТА орналасқан балық шаруашылығы су айдындарының және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу
 - Бөлім: Балқаш көлі, Қапшағай ГЭС-нен төмен Іле өзенінің арналық бөлігі және Іле өзенің су айдындары
 - Бөлім: Қапшағай су қоймасы және Іле өзені
 - Бөлім: Алакөл көлдер жүйесі
 - Бөлім: көлдің ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында (*ЕҚТА*) орналасқан су айдындары, Орта Көлсай және Төменгі Көлсай
 - Бөлім: Алматы облысының жергілікті маңызы бар резервтік су айдындары
- Арал-Сырдария бассейніндегі халықаралық, республикалық және ЕҚТА орналасқан балық шаруашылығы су айдындарын, сонымен қатар жергілікті маңызы бар су айдындарының балық қорынын жағдайын бағалау және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу
 - Бөлім: Кіші Арал теңізі және Қызылорда облысы шегіндегі Сырдария өзені
 - Бөлім: Шардара су қоймасы және Түркістан облысы шегіндегі Сырдария өзені
 - Бөлім: Қызылорда және Түркістан облысының жергілікті маңызы бар су айдындары

4. Ертiс бассейніндегі халықаралық, республикалық және ЕҚТА орналасқан балық шаруашылығы су айдындарын, сонымен қатар жергілікті маңызы бар су айдындарының балық қорының жағдайын бағалау және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу

- Бөлім: Жайсан көлі, Бұқтырма су қоймасы және Өскемен су қоймасы
- Бөлім: Шұлбі су қоймасы, Ертiс өзені және оның Жайылма учаскелері
- Бөлім: Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының су айдыны (*көл. Марқакөл*)
- Бөлім: Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің су айдындары (*Торайғыр көлі, Сабындыкөл көлі, Жасыбай көлі*)
- Бөлім: Катон-Қарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің су айдындары (*Язевое көлі, Черновое көлі, Маралье көлі*)
- Бөлім: Шығыс Қазақстан облысының жергілікті маңызы бар су айдындары
- Бөлім: Қ. Сәтбаев каналының су қоймалары
- Бөлім: Павлодар облысының жергілікті маңызы бар су айдындары

 5. «Есіл бассейніндегі халықаралық, республикалық және ЕҚТА орналасқан балық шаруашылығы су айдындарын сонымен қатар жергілікті маңызы бар су айдындарының балық қорының жағдайын бағалау және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу»

- Бөлім: Есіл өзені
- Бөлім: Солтүстік Қазақстан облысындағы жергілікті маңызы бар су қоймалары
- Бөлім: Сілеті өзені
- Бөлім: Ақмола облысының жергілікті су қоймалары
- Бөлім: ЕҚТА «Бурабай» Мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде орналасқан су қоймалар
- Бөлім: ЕҚТА «Көкшетау» Мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде орналасқан су қоймалар

 6. «Тобыл-Торғай бассейніндегі халықаралық, республикалық және ЕҚТА орналасқан балық шаруашылығы су айдындарын, сонымен қатар жергілікті маңызы бар су айдындарының балық қорынын жағдайын бағалау және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу»

- Бөлім: Тобыл өзені
- Бөлім: Қостанай облысының жергілікті су қоймалары
- Бөлім: Ақтөбе облысындағы жергілікті маңызы бар резервті су қоймалары

 7. «Нұра-Сарысу бассейніндегі халықаралық, республикалық және ЕҚТА орналасқан балық шаруашылығы су айдындарын, сонымен қатар жергілікті маңызы бар су айдындарының балық қорынын жағдайын бағалау және/немесе олардың телімдерінде балық өнімділігін анықтау, балық пен басқа да су жануарларының шекті аулау мөлшері бойынша және балық аулау ережесі мен тәртібін реттеу жөнінде биологиялық негіздемелер әзірлеу»

- Бөлім: Нұра өзені
- Бөлім: Әжібай көлі
- Бөлім: Қарағанды облысының жергілікті су қоймалары

 Жобалар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жұмыс күні өткеннен кейін <https://ecoportal.kz/> бірыңғай экологиялық порталында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде он күн бойы ескертулер мен ұсыныстарды ұсыну үшін қолжетімді болады.
 Әзірлеуші: «БШҒӨО» ЖШС, Алматы к., Сүйінбай даңғылы 89 А, тел. 8(727)383-17-15

Комитет рыбного хозяйства Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан уведомляет о проведении Общественных слушаний в форме публичных обсуждений по следующим проектам:

- «Определение рыбопродуктивности рыбохозяйственных водоемов и/или их участков, разработка биологических обоснований предельно допустимых уловов рыбы и других водных животных, режиму и регулированию рыболовства на рыбохозяйственных водоемах международного, республиканского значений и водоемах ООПТ Жайык-Каспийского бассейна, а также оценка состояния рыбных ресурсов на резервных водоемах местного значения»
 - Раздел: Река Жайык с предутьевым пространством, река Кигаш с предутьевым пространством, буферная зона государственного природного резервата «АқЖайық»
 - Раздел: Водоемы, расположенные на особо охраняемых природных территориях Жайык – Каспийского бассейна
 - Раздел: Река Жайык (*в пределах Западно-Казахстанской области*)
 - Раздел: Резервные водоемы местного значения Западно-Казахстанской области
- «Определение рыбопродуктивности рыбохозяйственных водоемов и/или их участков, разработка биологических обоснований предельно допустимых уловов рыбы и друг их водных животных, режиму и регулированию рыболовства на рыбохозяйственных водоемах международного, республиканского значений и водоемах ООПТ Балқаш—Алакольского бассейна, а также оценка состояния рыбных ресурсов на резервных водоемах местного значения»

– Раздел: Озеро Балқаш, русловая часть реки Иле ниже Капшагайской ГЭС и водоемы дельты реки Иле
 – Раздел: Водохранилище Капшагай и р. Иле
 – Раздел: Алакольская система озер
 – Раздел: Водоемы, расположенные на особо охраняемых природных территориях (*ООПТ*) оз. Средний Кольсай и оз. Нижний Кольсай
 – Раздел: Резервные водоемы местного значения Алматинской области
 3. «Определение рыбопродуктивности рыбохозяйственных водоемов и/или их участков, разработка биологических обоснований предельно допустимых уловов рыбы и других водных животных, режиму и регулированию рыболовства на рыбохозяйственных водоемах международного, республиканского значений и водоемах ООПТ Арало-Сырдаринского бассейна, а также оценка состояния рыбных ресурсов на резервных водоемах местного значения»
 – Раздел: Аральское Малое море и река Сырдария в пределах Кызылординской области
 – Раздел: Шардаринское водохранилище и река Сырдарья в пределах Туркестанской области
 – Раздел: Водоемы местного значения Кызылординской и Туркестанской области
 4. «Определение рыбопродуктивности рыбохозяйственных водоемов и/или их участков, разработка биологических обоснований предельно допустимых уловов рыбы и других водных животных, режиму и регулированию рыболовства на рыбохозяйственных водоемах международного, республиканского значений и водоемах ООПТ Ертисского бассейна, а также оценка состояния рыбных ресурсов на резервных водоемах местного значения»
 – Раздел: Озеро Жайсан, водохранилище Буктырма и Усть-Каменогорское водохранилище
 – Раздел: Шульбинское водохранилище, река Ертис и её пойменные участки
 – Раздел: Водоем Маркакольского государственного природного заповедника (оз. Маркаколь)
 – Раздел: Водоемы Баянаульского государственного национального природного парка (озеро Торайғыр, озеро Сабындыколь, озеро Жасыбай)
 – Раздел: Водоемы Катон-Қарағайского государственного национального природного парка (*оз. Язевое, оз. Черновое, оз. Маралье*)
 – Раздел: Водоемы местного значения Восточно-Казахстанской области
 – Раздел: Водоемы канала им. К.Сатбаева
 – Раздел: Водоемы местного значения Павлодарской области
 5. «Определение рыбопродуктивности рыбохозяйственных водоемов и/или их участков, разработка биологических обоснований предельно допустимых уловов рыбы и других водных животных, режиму и регулированию рыболовства на рыбохозяйственных водоемах международного, республиканского значений и водоемах ООПТ Есильского бассейна, а также оценка состояния рыбных ресурсов на резервных водоемах местного значения»
 – Раздел: Река Есиль
 – Раздел: Водоемы местного значения Северо-Казахстанской области
 – Раздел: Река Силеты
 – Раздел: Водоемы местного значения Акмолинской области
 – Раздел: Водоемы, расположенные на ОППТ: Государственный национальный природный парк «Бурабай»
 – Раздел: Водоемы, расположенные на ОППТ: Государственный национальный природный парк «Кокшетау»
 6. «Определение рыбопродуктивности рыбохозяйственных водоемов и/или их участков, разработка биологических обоснований предельно допустимых уловов рыбы и других водных животных, режиму и регулированию рыболовства на рыбохозяйственных водоемах международного, республиканского значений и водоемах ООПТ Тобыл-Торгайского бассейна, а также оценка состояния рыбных ресурсов на резервных водоемах местного значения»
 – Раздел: Река Тобыл
 – Раздел: Водоемы местного значения Костанайской области
 – Раздел: Резервные водоемы местного значения Актюбинской области
 7. «Определение рыбопродуктивности рыбохозяйственных водоемов и/или их участков, разработка биологических обоснований общих допустимых уловов рыбы и других водных животных, режиму и регулированию рыболовства на рыбохозяйственных водоемах международного, республиканского значений и водоемах ООПТ Нура-Сарыусского бассейна, а также оценка состояния рыбных ресурсов на резервных водоемах местного значения»
 – Раздел: Река Нура
 – Раздел: Озеро Ажбай
 – Раздел: Водоемы местного значения Карагандинской области
 Проекты будут доступны на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz/> в разделе «Общественные слушания» по истечении пяти рабочих дней со дня опубликования данного объявления для предоставления замечаний и предложений в течение десяти рабочих дней.
 Разработчик: ТОО «НПЦРХ», г. Алматы, проспект Суюнбая, 89А, тел. 8(727)383-17-15



Фото: Ғалия ҚҰРМАН

Бас редактор — директор Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim	Аймақтағы меншікті тілшілер: Мерген ТОҚСАНБАЙ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы (8 702 959 80 08) Мөлдір КЕНЖЕБАЙ — Шымкент қаласы (8 700 280 63 20) Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Меншік иесі: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-кабат <i>(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)</i> Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2290; Бағасы келісім бойынша Айлық таралым — 6000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясы ұшақтарында бар.</i>
---	---	---	--